

№3 (3) 2023

Алтынсарин Академиясының
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Академии Алтынсарина



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство просвещения Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И.Алтынсарина

Алтынсарин Академиясының
ХАБАРШЫСЫ
Әдістемелік журнал



ВЕСТНИК
Академии Алтынсарина
Методический журнал

№ 3 (3) 2023

Басылымның кезеңділігі -
жылына 4 рет шығады

Периодичность издания –
4 номера в год

№ KZ35VPY00064971 есепке қою,
қайта есепке қою туралы
КУӘЛІК

СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на учет, переучете
№ KZ35VPY00064971

Қазақстан Республикасы Ақпарат және
Қоғамдық даму министрлігі Ақпарат
комитетінде берілген

Выдано Комитетом информации
Министерства информации и общественного
развития Республики Казахстан

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫ:
білім беру саласындағы оқу-әдістемелік,
ғылыми-тәжірибелік, ақпараттық
-сараптамалық, педагогикалық
инновациялық тәжірибелерді тарату
бойынша материалдар жариялау

ТЕМАТИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ:
публикация материалов по
распространению учебно-методического,
научно-практического, информационно-
аналитического, педагогического
инновационного опыта в области
образования.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Каратабанов Р. А. – бас редактор
Смайлов С. Ш. – философия докторы (PhD),
бас редактор орынбасары
Актанова А.С. – ф.ғ.к.
Галимжанова М.А. – п.ғ.к., доцент
Гриневицкая А. – психология докторы,
доцент (Польша)
Искакова М. О. – философия докторы (PhD)
Караев Ж. А. – п.ғ.д., профессор
Мазбаев О. Б. – п.ғ.д., профессор
Нурумжанова К. А. – п.ғ.д., профессор
Сырымбетова Л. С. – п.ғ.к., профессор
Танирбергенова А. Ш. – п.ғ.к.
Фахрутдинова Г. Ж. – п.ғ.д., профессор (Ресей)
Аушахманова Б. Т. – педагог-шебер, магистр
Усорова Ш. А. – педагог-шебер, магистр
Сатыбалдин А. С – магистр, жауапты хатшы

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Каратабанов Р. А. – главный редактор
Смайлов С. Ш. – заместитель
главного редактора, PhD
Актанова А.С. – к. филол.н.
Галимжанова М.А. – к.п.н., доцент
Гриневицкая А. – доктор
психологии, доцент (Польша)
Искакова М. О. – доктор философии (PhD)
Караев Ж. А. – д.п.н., профессор
Мазбаев О. Б. – д.г.н., профессор
Нурумжанова К. А. - д.п.н., профессор
Сырымбетова Л. С. – к.п.н., профессор
Танирбергенова А. Ш. – к.п.н.
Фахрутдинова Г. Ж. – д.п.н.,
профессор (Россия)
Аушахманова Б. Т. – педагог-мастер, магистр
Усорова Ш. А. – педагог-мастер, магистр
Сатыбалдин А. С – магистр,
ответственный секретарь

Материалдардың анықтығына
авторлар жауапты болады.
Редакция материалдарды
қабылдамауға құқылы.

Ответственность за достоверность
материалов несут авторы.
Редакция оставляет за собой
право отклонять материалы.

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

1

Оқыту әдістемесі: тәжірибе және жаңашылдық Методика обучения: опыт и новаторство

Амирова А.К.

Диалогтік оқыту арқылы оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру 5

Ерзатұлы Ә., Исабеков А.Е.

Цифрлық технологиялар игілігі: «Қашқари сөздігі» мысалында 10

Кабденова С.К.

Құрылымдық нұсқаулықтар арқылы шығармашылық жазылымды жақсарту 15

Миржакупова А.Т.

Оқушылардың кітап оқу қызығушылығын қалыптастыру туралы 21

Скрипник А.М.

Оптимизация домашних заданий с целью подготовки к суммативному оцениванию 29

Тынышбаева Л.Ж.

Оқушылардың тарихи құжаттармен дербес жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру 39

2

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығы Функциональная грамотность обучающихся

Касимова Г.С.

Формирование функциональной грамотности у обучающихся при изучении курса физики 7-8 класса на основе системы контекстных задач 47

Козганбаева М.Т.

Проблемалық оқыту арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту 56

Трубникова Л.В., Хайбулина Ж.А.

Эффективный урок: взгляд учителя и ученика 64

3

Тәрбие үдерісі және психологиялық қызмет
Воспитательный процесс и психологическая служба

Ақтымбай А.А., Куантканова Ф.М.

Виртуалды ортадағы жасөспірімдердің психологиялық
кеңістігінің қауіпсіздігі және оны қорғауының
психологиялық мәселелері..... 71

Сапарбаева Р.Т.

Оқушыларды өлең шығаруға баулу арқылы
айтыс өнеріне бейімдеудің ерекшеліктері 78

4

Білім беру саясаты
Образовательная политика

Кабдушева А.Б.

Особенности начального и среднего образования
в школах Германии. Принцип Вальдорфской школы..... 85

Суртубаева Д.А., Абдикерова Б.Х.

Механизмы перевода школ в эффективный режим развития 93

Әдістемелік компас

Методический компас..... 101

Құттықтау..... 107



FTAMP 14.25.09

● ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Амирова А.К.№ 20 мамандандырылған лицей,
Жетісу облысы, Талдықорған қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ әдебиеті сабағында оқушының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі сипатталған. Диалогтік оқытудың негізгі кезеңдері және оны жаңартылған білім беру контекстінде қолдану тәсілдері қарастырылған. Оқушыларды әңгімеге тарту, маңызды сұрақтар қою, жауаптарын тыңдау, қателерін түзеуде қолданған әдістері мен тәсілдері ұсынылған.

Тірек сөздер: қазақ әдебиеті, қарым-қатынас жасау, білім, жаңартылған білім, сөздік қор, ойын жүйелі жеткізу, функционалдық сауаттылық, тәжірибе.

Кіріспе

Адамның сөйлеуі оның мәдениет және ойлау деңгейінің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Сөйлеу ерте балалық шақта жеке сөздер түрінде пайда болып, кейін қоршаған ортамен та-

нысу үдерісінде әртүрлі пәндерді оқыту процесінде байып күрделенді.

Барлығымызға мәлім болғандай, адам барлық нәрсені алдағы қажеттілігіне жарату үшін үйренеді. Сол сияқты игерген икемділігі мен дағдысын өзінің шығар-

машылықпен қолдануына жаттығады. Сондықтан оқытудың негізгі шарттарының бірі – игерілген білім, икемділік пен дағдыларды, яғни тілді өз тәжірибесіне пайдалану. Ал тілді тәжірибеде пайдалану – сөйлеу, яғни қарым-қатынас жасау [1,75].

Негізгі бөлім

Ауызша сөйлеу әрекеті жазумен байланысты игеріледі. Сондықтан оқушылар ауызша, жазбаша тілдің ерекшеліктері, стилімен, жанрларымен таныстырылады. Сабақтарда оқыту арқылы оқушылардың сөздік қоры толықтырылып, жаңа сөздерді, сөз тіркестерін игеру арқылы белсенді сөздік қорлары дамиды. Мәтінді түсініп оқу және оның мазмұнын шығармашылықпен айтуға дағдыландыру арқылы ойын жүйелі жеткізе білу дағдыларын жетілдіру қалыптастырылады. Бұл зерттеу кезеңінде көркем шығарманы оқытуда толғандырған біршама мәселелерді есепке алынды. Олар:

- ▶ аралас мектептерде сабақ қазақша-орысша екі тілде жүргізіледі;
- ▶ оқушыларының жалпы қарым-қатынасы орыс тілінде жүреді;
- ▶ қазақ сыныбындағы оқушылар өз ойын ана тілінде еркін және көркем тілде жеткізе білу дағдылары төмен.

Яғни, оқушылар арасындағы қарым-қатынастар мен электронды ақпарат хабарларында ауызша сөйлеудің орфоэпиялық нормаларының сақталына бермейтіні байқалды. Сондықтан оқушылар сөзді дұрыс ырғақпен, үйлесіммен, үндесіммен дыбыстай алмай жататын жайттар жиі кездеседі. Әсіресе, бұл таным мен ойы, тілі мен білімі даму үстіндегі мектеп оқушыларының қатысым әрекетінде жиі байқалса, олардың тұлға ретінде қалыптасуына кері әсерін тигізеді. Өйткені әрбір айтылған ой, баяндалған білім, берілген ақпаратты дұрыс қабылдау, тыңдап түсінуге байланысты. Егер жеке сөз мағынасы, сөз тіркесі, сөйлемдегі пікір, ой, мәтіндегі мазмұн тиісті орфоэпиялық немесе орфографиялық нормада айтылып қолданылмаса, тілдік

қарым-қатынас өз дәрежесінде жүрмей, қатысым әрекеті нәтижесіз аяқталады. Сондықтан оқушылардың дұрыс сөйлеуіне, ойын жүйелі жеткізе білуіне бағыт-бағдар көрсететін әдістемелік зерттеулер мен құралдар қажет.

Бастауыш сыныптан орта буынға келген оқушылар ерекшеліктеріне байланысты:

- ▶ ойлары шашыраңқы;
- ▶ сөздік қоры аз.
- ▶ Оқу дағдыларына байланысты ерекшеліктері:
- ▶ көркем тілді шығарманы тез түсіне алмайды;
- ▶ әдеби-теориялық ұғымдарды түсінбейді;
- ▶ шығарма оқиғасын өз бетінше өмірмен байланыстыра алмайды.

Оқушылар бойындағы бұндай ерекшеліктер білім сапасының төмендеуіне, пәнге, тілге деген қызығушылығын жояды. Соның негізінде тәжірибе кезеңінде іс-әрекетті зерттеу барысында *«Диалогтік оқыту арқылы оқушылардың ойын жүйелі жеткізе білу дағдыларын жетілдіру»* тақырыбы бойынша жұмыс жасадық.

Бала бойындағы бұл олқылықтарды ескере отырып жұмыс жасауда мынадай жетістіктерге қол жеткізуді мақсат еттік:

- ▶ Оқушылардың сөздік қорын молайту;
- ▶ Оқушылардың ойын жүйелі жеткізе білу дағдыларын жетілдіру.

Аталған мақсаттарға жетудің немесе іске асырудың бірден-бір көзі – диалогтік оқытуға үйрету. Өйткені бұл әдіс мұғалімдер мен оқушыларды мағына мен білімді игерудегі бірлескен іс-әрекетке тартумен қатар, жоғары деңгейдегі ойлау қабілеттерін өрістетуге және функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпалын тигізеді.

Сабақ барысында оқушылардың тілдік қорын, дамытуда ойын жүйелі жеткізе білу үшін мұғалім мынандай іскерліктерге ерекше мән беруі керек:

- ▶ сұрақты дұрыс қоя білу;
- ▶ оқушыны тыңдау;
- ▶ әрбір жағдаятты дұрыс талдау;
- ▶ тек оқулықпен шектелмей, қосымша қызық ақпараттарды сабаққа кіріктіру;
- ▶ марапат сөз арқылы оқушыны жетелеу;
- ▶ сындарлы кері байланыс ұсыну.

Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтің маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мерсер мен Литлон (2007) өз еңбектерінде диалог оқушылардың қызығушылықтарын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді. Зерттеулерде ересектермен интерактивті қарым-қатынас пен достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың балалардың оқуына және когнитивті дамуына әсер ететіндігі айтылған [2, 198].

Осы теорияға сүйене отырып, оқушылар берілген тапсырманы бірлесе отырып орындауда бірін-бірі толықтырып, бір-бірінен білмегенін үйреніп, еркін отыратынын байқауға болады. Оқушы бойында «Мен бұл сұраққа жауап бере алмаймын ғой», «Менің бұл сөзіме балалар күлмес пе екен?» деген ішкі үрейді жеңе алады.

Сынып оқушыларының әңгімелесудегі сенімділігін арттыру мақсатында сұхбат жүргіздік. Сұхбат мынадай сұрақтар төңірегінде өрбіді.

1. Сен кітап оқисың ба?
2. Қай оқыған шығарма есінде қалды?
3. Неліктен ол сенің есінде қалды?
4. Оқыған шығармадан кейінгі әсеріңді достарыңмен, ата-анаңмен бөлісесің бе?
5. Оқыған шығармадан алған білімді қажетті жағдайда пайдаланасың ба?
6. Сенің ойыңша, қазіргі кезде кітап оқудың маңыздылығы бар ма?

Аталған сұхбаттасу сыныпта жағымды ахуал туғызып жүргізілген жағдайда негізі қызықты өтеді. Оқушылармен жүргізілген сұхбат – оларды жаңа қырынан тануға мүмкіндік берді. Осы жүргізілген жұмыс қорытындысы:

- ▶ оқушылар өз ойларын топ арасында ортаға сала отырып әңгімелесті, топтық жұмысқа тартылды. Өз ойларын жүйелі жеткізе алмай, оқыған шығармаларының мазмұнын білсе де, ол туралы өз ойын жеткізе алмай қиналатыны байқалды.

Демек, сабақ жоспарлауда диалогтік оқыту арқылы оқушылардың әңгімелеу, әңгімелесу, пікірталас кезінде айқын мәнерлі сөйлеу, сұраққа нақты дұрыс жауап беру, өз ойын жүйелі жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру керек деген қорытындыға келдік.

Джин Раддок «Оқушылармен пікірлесудің мақсаты – қабылдаушының көзқарасы тұрғысынан алғанда оқудың не екендігін түсіну, жекелеген оқушылар мен топтар үшін оқуды қалай жақсарту» екендігін жазады [3, 47].

Жұмысты нәтижелі жүргізу үшін педагог әр сабағына сапалы дайындалуы қажет екені түсінікті. Келесі сабақта дұрыс сұрақ қоюға баса назар аударылды. Сұрақ қоюдың жауап беруден де қиын екені анық. *Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда оқытудың тиімді құралына айналады және де оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарту және кеңейте алады* [4, 144].

Түсіну кезінде оқыта үйрету әдісі «Қарлы кесек» ойыны арқылы мәтін мазмұнымен танысты. Бұл әдістің тиімділігі оқушылар өздері үшін оқиды, ақпарат алады, алған ақпаратын өз тобына айтып береді. Әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, оған қатысушылардың өзгелер ұсынған қандай да болсын идеяларды төзімділікпен тыңдайды. Сонымен қатар оқушылардың өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектесетіні байқалды.

Диалог барысында оқушылар келісілген нәтижеге жету үшін күш-жігерін жұмсайтын және Мерсер (2000) сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы іске асады, дегенмен оны оқушылармен бірлескен зерттеу барысында да анықтай алады.

«Нағыз әже қайда?» шығармасын оқу барысында қазақ тарихындағы атақты тұлғалардың әжесі туралы деректі фильм көрсетілді. Бейнефильмді көрген оқушылар «Әже» тақырыбында ой қозғанды, бұрынғы білімдерін қолдана отырып, жақсы мәліметтер ұсына білді. Топ бір-бірінің білімін толықтырды. Оқушылар зерттеушілік әңгімеге тартылды.

Талдау кезінде сабаққа қызығушылықпен қатыса қоймайтын оқушының өзі «Кейіпкердің нағыз әжені көре алмау себебін анықтайсың» деген тапсырмаға жауапкершілікпен қатысып, сыни көзқарасын білдіре алды. Осы үдерісте оқушылардың айтқандарын тыңдап, талдай отырып, оларға жауап берді. Ойын жүйелі жеткізді. Өзі де топ оқушыларынан ақпарат ала білді.

Жинақтау кезінде «Сүйіспеншілікке толы хат» жазды. «С» деңгейлі оқушының әжеге жазған хатынан айтылған пікірлермен тыңдаушылардың механикалық түрде келісуі байқалды. «А» деңгейлі оқушы өз хатында сұрақ қоя отырып өз айтқандарын дәлелдей білді. «В» деңгейлі оқушының пікірінде алшақтық байқалғанмен, өз пікірінде қалғандығы хаттан көрініс тапты.

Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу оқушылардың оқуының ажырамас бөлшегі болып табылады. Ғалым әңгіменің үш түрін ажыратып, сипаттама берген:

- Әңгіме-дебат;
- Кумулятивтік әңгіме;
- Зерттеушілік әңгіме.

Оқушыларға Блум таксономиясы бойынша берілген тапсырмалар – білімнің

болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуды бағыттайды.

Блум таксономиясының мақсаты – оқytудың неғұрлым тұтас нысанын құру мақсатында педагогтердің өздерінің күші мен назарын барлық үш салаға бірдей аударуға ынталандыру [5,3].

Қорытынды

Іс-тәжірибеге өзгерістер енгізе отырып және балаларды оқыту жөнінде дәлелдемелерді жинай келе мынадай қорытындыға келуге болады. 5-сыныпты бітірген оқушылардың оқу бағдарламасына сай «Қазақ әдебиеті» пәнінің білім, білік дағдыларын игеріп, көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашуды; шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының мағынасын анықтауды; эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалауды; көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға\кейіпкерге хат жазуға дағыдаланды.

Қорыта айтқанда, диалогтік оқыту арқылы оқушылардың ойын жүйелі жеткізе білу дағдыларын жетілдіру – межелі нәтижеге қол жеткізудің бірден-бір тиімді тәсілі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. **Әлімов А.** Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану мәселелері. Оқу құралы. - Нұр-Сұлтан, 2021. -288 б.
2. **Кучинский А.Н.** Психология внутреннего диалога. - Минск: «Университетское», 2018. – 304 с.
3. **Абдибаева С.** Білім беру процесінде диалогтық оқытуды қолдану // Білім айнасы. – № 1. – 2023. – Б. 45-52
4. **Рахимова А.** Адамның коммуникативті жүйесі және мектептегі сөйлеуді дамыту // ҚазҰУ Хабаршысы. – № 4. – 2022. – Б.143-149
5. **Жамалиева Г.** Диалогтік оқыту арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру, олардың білім деңгейін көтеру // Асыл сөз газеті. – 05 желтоқсан. – 2021. – Б. 3

● **ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧАЩИХСЯ ПОСРЕДСТВОМ ДИАЛОГИЧЕСКОГО ОБУЧЕНИЯ**

Амирова А.К.

Специализированный лицей № 20,
область Жетісу, г. Талдыкорган

Аннотация. В данной статье описана проблема формирования у учащихся коммуникативных компетенций на уроках казахской литературы. Рассмотрены основные этапы диалогического обучения и способы его применения в контексте обновленного образования. Представлены методы и приемы вовлечения учащихся в беседу, постановки важных вопросов, выслушивания их ответов, исправления их ошибок.

Ключевые слова: казахская литература, общение, образование, обновленные знания, словарный запас, систематическое донесение мысли, функциональная грамотность, опыт.

● **FORMATION OF STUDENTS' COMMUNICATIVE COMPETENCE THROUGH DIALOGIC LEARNING**

Amirova A.

Specialized Lyceum № 20,
Zhetysu region, Taldykorgan

Annotation. This article describes the problem of the formation of students' communicative competencies in the lessons of Kazakh literature. The main stages of dialogic learning and ways of its application in the context of updated education are considered. The methods and techniques of involving students in a conversation, posing important questions, listening to their answers, correcting their mistakes are presented.

Keywords: Kazakh literature, communication, education, updated knowledge, vocabulary, systematic communication of thought, functional literacy, experience.

FTAMP 14.37.29

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИГІЛІГІ: «ҚАШҚАРИ СӨЗДІГІ» МЫСАЛЫНДА

Ә. Ерзатұлы
Е.А. Исабеков
Kashgari Dictionary, Астана қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада – kashgari.kz анықтамалық онлайн сөздігінің сипаттамалары көрсетілген, оның қазақ сөздерін аударуға арналған қолда бар платформаларға қарағанда жаңашылдығы мен бірегейлігі туралы жазылған. Сондай-ақ, мақалада сөздікті жақын арада дамыту жоспары туралы да айтылады.

Тірек сөздер: қазақ тілі сөздігі, жасанды интеллект

Кіріспе

«Kashgari.kz» – бірінші түркі сөздігін жазған атақты ғалым, ғұлама, тілтанушы Махмұд Қашқаридің есімімен аталған онлайн сөздік. Бұл сөздік цифрлық технологиялар негізінде қазақ тілін терең меңгеруді көздеген тіл үйренушілерге арналған. Онлайн сөздікті қызығушылық танытқан адамдарға қазақ тілін үйренуді жеңілдету үшін ұлтжанды әрі идеалас достар құрастырып, іске асырған. Сөздік цифрлық технологиялар игілігін еркін қолданатын көпшілік пайдаланушылар үшін ыңғайлы құрал қызметін атқарады.


Аталған онлайн сөздіктің ұқсас сервистерден басты айырмашылығы қазақ тіліндегі сөз анықтамасының берілу болып табылады. «Kashgari.kz» сөздігі орыс немесе ағылшын тілдері аудармасына тәуелді емес. Онлайн сөздік бірқатар пайдалы функциялармен жабдықталған, олардың ішінде: қараңғы және ашық түсті сайттың беттері, заманауи дизайн, «ОҚУ» бөлімі, сөздерді дауыстау және оларды қолдандудың пайдалы мысалдарының болуы, сондай-ақ жасанды интеллект (AI) жасаған сөздердің көрнекі бейнелері бар.

(Сурет 1)

Негізгі бөлім

Дүние жүзінде адамдарды, халықтарды, ұлттарды біріктіретін басты құрал – тіл. Қазақ халықының тарихы, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігі Орта Азия елдеріндегі және Қазақстанмен көршілес елдердегі ұлттармен және этностармен өте ұқсас болып келеді. Оның себебі аталған ұлттардың бір кездері ортақ тілі – түркі тілінде сөйлеген. Сол себепті оларды түркітілдес халықтар деп атайды. Шығу тегі байырғы түркі тілінен бастау алатын қазіргі түркі халықтарының тілі өзара туыстас, жақын екенін белгілі [1].

Ең бірінші түркі сөздігі «Диван лугат ат-тюрк» болып табылады. Көне сөздіктің авторы – Махмұд Қашқари. Сөздік жасаушы жоба авторлары аталған көне түркі жазбасымен қызығып, өз сөздігі атауын Қашқари есімімен байланыстырды. Бұл сөздіктің мақсаты – қазақ тілінің лексика-семантикалық қызметін жетілдіру, тілді үйрету процесін жеңілдету, заманауи



1-сурет – Сөздің толық мақаласы

сөздік тұғырнамасын жасау. Сонымен қатар қазақ тілімен туыстас басқа да түркі тілдерін сөздік сайтына қосу арқылы өзара біріктіру болып табылады. «Диван лугат ат-тюрк» 1000 жыл бұрын жазылып, Орта Азия мен Еуропа аумағындағы түркі тілдерін бір арнаға біріктірген болса, қазіргі біздің мақсатымыз сөздік сайты арқылы көршілес, туыстас елдер тілдерін онлайн ортақ сөздікке топтастыру болып табылады [2].

Оқырманға түсінікті болуы үшін онлайн сөздіктің сипаттамаларының әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, талдау жасап, түсіндіруге талпынамыз. Сонымен біздің сөздікте берілген қазақ тіліндегі сөздің реестрлік мағынасын жан-жақты түсіну үшін сол сөздің анықтамасы беріледі. Бұл анықтама көмегімен оқырман сөз мағынасын кеңірек және толығырақ қабылдайды. Демек, онлайн сөздікке енген қазақ тіліндегі сөздің реестрлік мағынасы қазақ тілінде баяндалып сипатталады. Реестрлік мағынаны басқа тілдердегі ұқсас сөздер мағынасымен сипаттасақ, сөз мағынасы аутенттік ұғымынан алшақтап кетер еді.

«Kashgari.kz» сөздігі – сөздің мағынасын жеткізу үшін анықтамаларды қолданып алғашқы қазақ сөздігі. Сайттағы белгілі бір терминнің мақаласына өтіп, оның анықтамасын терминнің астындағы үлкен терезеден табуға болады

Сөздік сайтында белгілі бір сөздің мағынасын ашу мақсатында сол сөз қолданылған мысал сөйлемдер де экранда көрсетіледі. Сонымен қатар осы сөздің дауыстап айтылуы да қатар қолданылады. Демек, сайтты пайдаланушы белгілі бір сөздің мағынасын іздесе, сол сөздің мағынасы, сөйлем ішінде жұмсалып ерекшелігі мен дыбысталу қатар беріледі. Сайттағы мысал сөйлемдер, дыбысталу функциялары сайтты пайдаланушыға қазақ тіліндегі сөз мағынасының ерекшелігі, сөзді дұрыс қолдану қағидатын да үйретеді. Сондықтан kashgari.kz сөздігіндегі мысалдар әр сөз үшін жеткілікті кең контексте беріледі.

Сайтты пайдаланушылар, атап айтқанда, қазақ тілін жеткілікті деңгейде білмейтін адамдар, орыс тілді азаматтар мен шетелдіктер анықтамалар, мысал сөйлемдер мен сөздің дыбысталу функциясымен

қатар, сол сөздің орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларымен де оқып таныса алады. Бұл сайттағы сөздердің бастапқы базасын меңгеруге ықпалдасады.

Сайт функциялары қатарында оны пайдаланушыларға ыңғайлы әрі тартымды болу мақсаты да ескерілгенін атап өткен жөн. Яғни, «Kashgari.kz»-тің көптеген қазақстандық аударма қызметтерінен айырмашылығы, оның дизайнының көзге жағымды және қолдануға ыңғайлы болуы бар. Түнде немесе кешкі мезгілде сайтпен жұмыс істегісі келетін адамдар үшін ыңғайлы функция іске қосылады. Сайт-

тың түс гаммасы кешқұрым қараңғы және аз контрастқа өзгереді.

Келесі маңызды функциясы (сипаттамасы) - сөздердің гиперсілтемелерінің болуы. Басқаша айтқанда, сайттағы мысалдар мен анықтамаларды жазу кезінде қолданылатын барлық сөздердің шамамен 70 пайызын қамтитын белгілі бір сөз базасының болуы. Бұл жерде сайтты пайдаланушы курсорды түсініксіз сөзге апарады және осы әрекет арқылы ол сөздердің мағынасы берілген мақалаға ауысады. (Сурет 2)

күлу

етістік

күлімсіреу және қуанышты білдіргенде ауаны сыртқа шығару

смеяться | to laugh

Мысалдар көрсету

2-сурет – Гиперсілтемелі батырма

Сайттың «Оқу» бөлімі екі бөліктен тұрады. Олар: оң және сол жақ бөліктер. Сол жағында іздеген сөзге қатысты қазақ тіліндегі мәтіндер орналастырылады. Ал оң жағында бос терезелер орналасқан. Сол жақ бөлікке жүктелген мәтінде мағынасы түсініксіз сөз кездесе, сол сөзге курсорды басу арқылы гиперсілтемеге өтеді. Осы кезде оң жақтағы терезелерде түсініксіз сөздің мағынасы пайда болады. Бұл сайттың соңғы жаңартуларының бірі. Алайда қазіргі уақытта сайттың оң жақ бөлігіне жүктелген мәтіндер көп емес, болашақта жақсарып, кеңейеді. (Сурет 3)

Тізімдегі ең соңғы және мүмкіндігінше, сайттың басқа платформалардан ең ерекше бөлігі ол – қазақ мәдениеті тақырыбында жасалған сөздердің жасанды

интеллект жасаған визуализациясы болып табылады. Бұл сайттың таңғажайып ерекшелігі ғана емес, сонымен қатар сөздерді түсінудің өте пайдалы құралы, өйткені суреттермен сөздік анықтаманың, мысалдардың, дауыстық және аудармалардың болуын ескере отырып, сөздің демаркациясын мүмкіндігінше орынды жасай алады. (Сурет 4)

Қорытынды

Бұл жобаның идеясы қазақ тілін білмейтін адамдарға оны тезірек игеруге көмектесуге бағытталған. Жиырма бірінші ғасырда көптеген адамдар цифрлық технологияларды жұмыс мақсатында және оқу мақсатында қолданады. Осыған орай қа-

ОҚУ
FUND RAISING

ҚА3 QAZ

Қарлығаштың құйрығы неге айыр?

Күндердің бір күні Жылан жер жүзіндегі жанды мен жансыздарға мынадай арыз айтады:

– Мені Тәңірім сендердің бәрінен кем жаратыпты. Аяқ-қолым жоқ. Басымды көтере алмай, жер бауырлап қалдым. Не жеп, не қоярымды да білмеймін. Сендердің бәрің бір бүтін тілдісіңдер, ал мен айыр тілдімін. Ойлап отырсам, жанды мен жансыздың ішіндегі сорлысы мен екенмін. Маған ешқайсыңның жәрдем еткілерің келмейді. «Сен қасіретті көп тарттың, ондайлар әрдайым әділ келеді, сен барлығымызға патша да бола аласың» деп, сөзбен болса да жұбатып кетпейсіңдер, – деп, ол екі көзінен қанды жасын сорғалатып, ағыл-тегіл жылайды.

Жанды-жансыздың барлығы жыланға аяныш білдіріп, өкпесін орынды көреді. «қарасың деп шықпайтын, қара қылды қақ жарған, ақ жүрек ақылшымыз болар» десіп, өздеріне патша етіп сайлайды.

Жыл артынан жыл, күн артынан КҮН өтіп жатады.

КҮН

AI

зат есім

жер айналатын жұлдыз

солнце | sun

Мысалдар көрсету

зат есім

түн ортасынан түн ортасына дейін 24 сағат уақыт аралығы

день | day

Мысалдар көрсету

зат есім

белгілі бір сәтте және белгілі бір жерде атмосфераның төменгі қабатының күйі

погода | weather

Мысалдар көрсету

3-сурет – «Оқу» бөлімі

күлкілі

AI

Crayon-мен жасалған

сын есім

көңіл көтеретін

смешной | funny

Мысалдар көрсету

4-сурет – Жасанды интеллект визуализациясы

зақ тілін үйренушілердің санын арттыру үшін және жаңа тіл үйренуді ыңғайлы ету мақсатында «Қашғари сөздігі» жасалған болатын. Қазіргі уақытта сөздік белсенді түрде кеңейіп, көбірек пайдаланушы іздеуде. Осыған байланысты сайтқа 1000-ға

жуық жаңа сөз қосу жоспарланды. Сайттың барлық техникалық функциялары (сипаттамалары) әрдайым даму үстінде, ол сөздікті қолданудың ыңғайлылығына қол жеткізу үшін жасалуда.

Қолданылған деректер тізімі

1. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. –Алматы, 2003.
2. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. –Алматы, 1987.
3. Қазақ тілінің жиілік сөздігі А.Қ. Жұбанов, А.Ә. Жаңабекова, Б.Д. Карбозова, А.Қ. Қожахметова. – Алматы, 2016. – 267 бет

● БЛАГО ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ: НА ПРИМЕРЕ «СЛОВАРЯ КАШКАРИ»

Е.А. Исабеков

А. Ерзатулы

Kashgari Dictionary

г. Астана, Республика Казахстан

Аннотация. Данная статья описывает характеристики онлайн-словаря дефиниций - kashgari.kz, его инновационность и уникальность в отношении имеющихся платформ для перевода казахских слов. Также в статье упоминается план развития словаря на ближайшее время.

Ключевые слова: словарь казахского языка, искусственный интеллект

● THE BENEFIT OF DIGITAL TECHNOLOGIES: ON THE EXAMPLE OF THE “KASHKARI DICTIONARY”

Y.A. Issabekov

A. Yertzatuly

Kashgari Dictionary

Astana, The Republic of Kazakhstan

Annotation. This article describes the characteristics of an online dictionary of definitions - kashgari.kz, its innovation and uniqueness in relation to the available platforms for the translation of Kazakh words. The article also mentions a dictionary development plan for the near future.

Keywords: dictionary of the Kazakh language, artificial intelligence

FTAMP 14.25.09

ҚҰРЫЛЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМДЫ ЖАҚСARTY

С.К. Кабденовафизика-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Бұл мақалада жаңа білім беру мазмұны аясында қазақ тілін оқытудағы төрт дағдының ішіндегі жазылым дағдысы, оның ішінде шығармашылық жазылым дағдысы бойынша іс-әрекетті зерттеу жұмысының нәтижесі беріліп отыр. Оқушылардың шығармашылық жазылым дағдысын қалай жақсартуға, қандай жолдар арқылы тиімді етуге болатыны және соның бір жолы ұсынылған. Нәтижесін көрсету үшін екі оқушының үлгі жұмыстары (әңгіме жанрындағы) беріліп отыр. Осы тақырып бойынша жұмыс жасау оқушылардың алдағы сынақ – емтихан жұмысына сапалы дайындық жасау екенін көрсетеді. Осы тақырыпты зерттеу барысында қолданылған әдістердің тиімділігі мен кемшіліктері ашып көрсетілген. Бұл әдістерді Назарбаев Зияткерлік мектептерде, жалпы білім беретін мектептерде қолдануға болады.

Тірек сөздер: жазылым, шығармашылық, дағды, сапалы дайындық, сюжет.

Кіріспе

Жазылым дағдысы – тіл үйрену барысында мұғалімнен шеберлік пен қажырлықты талап ететін қиын да күрделі жұмыс. Сонымен бірге тілдік тұлғалардың, оның ішінде графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген; лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалының мазмұны мен формасын бірдей қамтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет. Бұл дағдыны іске асыру барысында белгілі бір әсер мен эмоцияны екінші бір адамға жеткізудің себебі пайда болады, содан кейін сөйлем мен ой құрылым жасалады, сөздер мен ойлар бір-бірімен тіркесіп, сөздің қызметі мен орны белгіленеді, одан әрі графикалық таңбалар пайда болып, жазбаша мәтін құрылады, яғни жазбаша сөйлесім

дегеніміз – лингвистикалық ерекшеліктерді толық меңгерудің көрінісі.

Жазылымның психологиялық ерекшелігі – жазбаша тапсырмаларды дұрыс пайымдап, логикалық жағынан меңгеру және графикалық, орфографиялық дағдылар мен шеберлікті ұштау. Жазба жұмысы тіл үйренушінің ойлау жүйесіне тиімді, есте сақтауға жеңіл болуға және жазылымды аудитория қалай қабылдайтыны жайлы да ойландыруы тиіс.

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында жүзеге асырылып жатқан міндеттердің бірі – оқушылардың жазылым дағдысын жақсарту, тілдік дағдыларын дамыту. Оқу бағдарламасында ұсынылатын төрт дағдының ішіндегі оқушы білімінің нәтижесін, тілдік тұрғыда сауаттылығын бақылайтын, мұғалімнің оқушылардан түрлі өнім алатын дағдысы – жазылым. Жазылымда

оқушы ойын қағаз бетіне түсіре отырып, өзімен өзі тілдік коммуникацияға түседі. Төрт дағдының ішінде нақты тақырып бойынша айқын пікір айтатын, пікірлері нанымды себептер мен дәлелдермен негізделетін, келтірілетін себептер мен дәлелдер логикалық тәртіппен берілетін, аудиторияны сендіру басты талап болатын, арнайы пікірді білдіретін сөздік қор көбірек қолданылатын жазылым түрі болғандықтан, оқу бағдарламасындағы Ж1. Мақсатты аудиторияға сай әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшелігін сақтай отырып құрастырып (әңгіме, мақала, интервью, тезис, аннотация, рецензия) жазу; Ж4. Түрлі жағдаятқа сай өз ойын креативті (өлең, хат, әңгіме, эссе, блог, әңгімелеу, суреттеу мәтіндері, қысқа сценарий) жазу; ӘТН2. (әдеби-тілдік норма) Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу; ӘТН3. Лексикалық стилистика заңдылықтарын дұрыс қолдану; ӘТН 4.2. Мәтін нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып); ӘТН5. Сөйлем, мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу мақсаттары іске асады.

Жазылым дағдысы оқушыдан шығармашылықты, аудиториямен дұрыс жұмыс жасауды, грамматикалық, пунктуациялық нормаларды дұрыс қолдануды, әдеби нормаға сай жазуды талап етеді. Тапсырмаларды орындау кезінде оқушылар басқа пәндерден алған теориялық білімдерін жаһандық деңгейде адам өміріне қатысты деректер мен құндылықтарды байланыстырып жазады. Атап айтқанда, халық өміріне қатысты әлеуметтік, экономикалық тағы басқа қоғамға қатысты барлық мәселелерді тақырыпты ашуда негізге алып, адами құндылықтардың маңызын терең түсініп, талдайды. Әр жазылымның өзіне сай ерекшелігі болады. Атақты психолог С.Л. Рубинштейн: «Дағды – саналы түрде автоматталған қимыл-әрекет түрінде көрінеді, ал сонан соң әрекеттің автоматталған тәсілі ретінде қызмет атқарады», – деп түсіндіреді. Төменде ұсынылатын әдістер негізінде оқушылар жазылым жұмысын жазуға төселеді, үйренеді.

Негізгі бөлім

Жазылым дағдысы – тақырыпты аша білу, грамматикалық сауаттылық, өз ойын сын тұрғысынан дәлелдеу, қорытынды шешім шығарып, өз көзқарасын білдіру деңгейіне бағытталады. Жазылым дағдысы екіге бөлінеді: аргументативті (аудиторияға бағытталған) және шығармашылық жазылым. Соның бірінші түрінде дәлелдеу, пікірталас негізге алынады.

Мысалы, хат (үндеу хат, электронды хат, редакторға хат, хабарламалар), мақала (проблемалық, сыни, ғылыми, ақпараттық, публицистикалық), блог жазбасы, дебат, интервью/сұхбат, репортаж, аннотация, рецензия, жарнама, баяндама, нұсқаулық т.б. Аудиторияға бағытталған жазылымда тапсырманың қызықты және мәнерлі тәсілдемесі, формасы сақталуы тиіс. Сонымен бірге аудиторияны тарта білуі, өзіндік ұстанымы болуы, логикалық бірізділікті сақтай отырып, ойын тиімді дамытуы, түсіндіру, дәлелдеу және көз жеткізу үшін кең спектрлі тілдік және риторикалық амалдарды тиімді қолдануы керек. Еркін мазмұндай алуы, күрделі талқылауды бейнелей алуға қабілеті, сауаттылығы бағаланады. Оқушыларға аудиторияға бағытталған жазылым тапсырмаларын құрастыру кезінде мұғалім оқушының теориялық білімін өз ойын дәлелдеуде, пікірталасқа түсуде, аудиторияны тарта алуында, жанрлық ерекшелікті сақтап жазуында қаншалықты тиімді қолдана алуын ескеруі қажет. Жазылымның екі түрінде де оқушының жазу стилі, шеберлігі, ойды көркемдеп жеткізуі, тапсырманы толық түсініп орындауы, сауаттылығы басты назарда болады.

Сөз еткелі отырған шығармашылық жазылым оқушыдан әңгімелеу, суреттеу элементтерін ұтымды қолданып жазуды талап етеді. Мысалы, эссе (аргументативті, дискуссивті, әдеби, креативті, келісу/келіспеу), сипаттап жазу, әңгіме, ертегі, монолог, күнделік т.б.

Бұл тапсырмада оқушы шығармашылық тәсілдемені қолданып, аудиторияны толық тарта білуі, мәтіннің сәйкес формасын дәлелді қолдана алуы, оқырманға

ерекше әсер ету мақсатында тілдік шығармашылық қолданысты жақсы көрсете білуі, еркін және мәнерлі мазмұндауы, қажетті сөз тіркестері мен ойды әсерлі, орынды, сауатты қолдана білуі ескеріледі. Осы талаптарға қол жеткізгенде ғана оқушы жұмысы жоғары бағаланады. Мұғалім ол үшін оқушыларға шығармашылық тапсырмаларды жанрлық ерекшелігін сақтап жаза алатындай, себеп пен мәнмәтіннен ауытқымайтын-дай етіп ұсынуы керек.

Жазылым белсенді іс-әрекеттерсіз орындалатын дағды болғанына қарамастан, оқушыларды осы тапсырманы орындау үшін түрлі әдістермен қызықтыруға болады. Сол әдістердің төрт түрі ұсынылып отыр. Іс-әрекетті зерттеу барысында ол әдістердің ұтымдылығы мен кемшіліктері байқалды:

1. «Дайын тілдік оралымдарды қойып жазу» әдісі. Оқушыларға дайын тілдік оралымдар ұсынылады. Олар белгілі бір тақырыпты ашу барысында дайын оралымдарды қойып жазуына болады, бірақ тәжірибе көрсеткендей, бұл әдістің оңтайлы тұсы – оқушылардың сөздік қоры мен тілдік дағдыларын дамытуға әсер етеді, алайда орынсыз қолданыстар да болуы мүмкін.
2. «Ішкі әсер\Сыртқы әсер» әдісі. Оқушыларға бірнеше әсерді білдіретін сипаттау мәніндегі тіркестер беріледі. Мысалы, *көңілім қалды, қатты қынжылдым, тағат таппадым, мазасыздықты байқадым, айнала құлпырып, төңірек мүлгіген тыныштық, жар-жұрқ еткен шамдар т.б.* Адамның көңіл күйін, сырлы сезімін, айналада болып жатқан атмосфера-ны, әсерді сипаттап, суреттеуге әсері мол, бірақ оқушы көбіне суреттеу мен сипаттауға көп көңіл бөледі де, контекстен ауытқып кетеді;
3. «Суреттер сөйлейді» әдісі. Түрлі эпизодтардағы суреттер ұсынылады, суреттердің санында шек болмайды. Ұтымдылығы – оқушыға жан-жақты

бағыт бағдар береді, алайда олардың қиялын шектейді;

4. «Сюжетті жазу» әдісі. Композициялық құрылымға сай белгілі бір әңгіменің ортасынан көркемдегіш құралдар қолданылып жазылған сөйлемдерді беріп, өз ойларымен байланыстырып өрбітіп жазу. Бұл әдістің тиімділігі – әңгімені жазуда композициялық құрылымды сақтап жазуға көмегі мол, алайда бұл тапсырманы А* (жоғары) деңгейдегі оқушылар ғана орындай алатынын тәжірибе көрсетті. Төменде осы әдіс бойынша орындалған бір тапсырманың үлгісі мен А* деңгейдегі екі оқушының жұмысын көруге болады.

Тапсырма: «Дос – биікке жетелейтін, қуанышыңа ортақ, қиындықта демеу болатын жан» тақырыбында әңгіме жазыңыз. Әңгімені осы шаблон бойынша жазуға тырысыңыз. Ұсынылған тіркестердің бірін қолдану міндетті.

Басталуы: Сағат кешкі жеті/Терезеден көктемнің желі соғып тұр/Күн өз жылуын азайтып, батып барады/ Жеті жыл бойы бірге дос болып,

Байланысы: Бір минут бойы бөлмеде үнсіздік орын алды/Дегенмен бұл достық қарым-қатынастың жібін үзе алмайды.

Дамуы: Уақыт ешкімді де, ештеңені де күтпейді/ Алғашқы кездесулері әлі есімде/ Ішім алай-түлей.

Шиеленісуі: Тонның ішкі бауындай боп кеткендері сонша.../ Арасынан қыл өтпейді/ қаймағы бұзылмаған/Арқа сүйеп кетті/ Абай мен Михаэлистің достығындай.

Шарықтау шегі: Қуанышым қойныма сыймады/ Сөз таппай тұрып қалдым/ Жауыңмен жарықта жүргеннен, досыңмен қараңғыда жүрген жақсырақ.

Шешімі: Дос болам десең, досыңды сыйла, қымбаттым! Досыңа сонда досыммен ғана қымбатпын/

Дос сыртыңнан мақтар, дұшпан көзіңе
мақтар/Дос жылатып айтады,
дұшпан күлдіріп айтады/
Достың сөзі жалынды,
Достың сөзі нанымды.
Аярмысың дос үшін,
Ақырғы үзім наныңды.

(М. Айтқожина)

1-оқушының жұмысы:

Терезеден көктемнің желі соғып тұр. Көңіл күйім болмай бір нүктеге қадалып отырмын. Жеті жыл бойы жұбымыз жазылмай бірге жүрген жан құрбым әкесінің жұмысы өзгеріп, Түркияға көшкелі жатыр. Іштей қимай, қатты құлазып жүргенмін. Міне, бүгін кешке олар жолға шыққалы жатыр. **Дегенмен бұл достық қарым-қатынастың жібін үзе алмайды.**

Біз күнде бір-бірімізге жазып, хабараласып тұрамыз деп уәде бердік. Оның үстіне қазір неше түрлі мүмкіндіктер жетіп жатыр. Кез келген уақытта еш кедергісіз байланысқа шығуға болады.

Ертең сағат 09.00-де ұшақ ұшып кетеді. Соның құрметіне бүгін барлық достарымызды жинап, қоштасу кешін ұйымдастырдым. Балнұрға бұл жайлы тіс жармадым. Кешті құрбым ұнататын кафеге жасауды жөн көрдім. Таудың етегінде орналасқан модерн стильдегі, тағамдары тіл үйірерлік жаңа кафе. Он адам болып жиналып, залды безендіруге кірісіп кеттік. Балнұр ұнататын күлгін, ақ түсті шарлар үрлеп, іліп қойдық. Барынша жағымды атмосфера ұйымдастыруға тырыстық. Міне, соңғы секундтар, бірер мезеттен кейін Балнұр кіріп келуі керек.

Әне күтеміз, міне күтеміз. Балнұр келер емес. Кішкене сыбдыр ести қалсақ, бәріміз есікке жалт қараймыз. **Ішім алай-түлей.** Қоңырау шалсақ, телефон тұтқасын көтермейді. Сағат болса алтыдан асты. Түрлі ойлар мазалап, отырған жеріме сыя алмадым. Содан шыдамым таусылып, үйіне іздеп бардым. Онда да ешкім жоқ. Есік құлыптаулы. Уақыты өзгеріп, бүгін кетіп қалған жоқ па деп ой-

лап қоямын. Не жайлы ойлайтынымды білмедім. Бәрі ойдағыдай болып жатыр еді. Бір кезде анам хабарласты. Оларға шұғыл кету керек болып, бүгін ұшу керек болыпты. Өз құлағыма өзім сенбедім. Со-сын терең ойға батып, жабырқап, кеш ұйымдастырып жатқан жерге бет алдым. Жолда әлеуметтік желіні аштым. Балнұр ұшақта отырған суретін салып қойыпты. Жазсам, жауап жоқ. **Тонның ішкі бауындай боп араласып жүрген құрбыма не көрінді?** Жылап жібердім. Іштей уайымдап, кафеге сүйретіліп кіріп келсем, ба-бах! Балнұр жүгіріп келіп мені құшақтап алды. Көзім шарасынан шығып кете жаздады. Сөйтсем, олар тосын сыйды маған жасапты. **Қуанышым қойныма сыймай,** шыңғырып жібердім. Дәл қазір құрбымды көріп тұрғаныма риза болдым. Кешті жақсы өткізіп, ертеңіне Балнұрды көтеріңкі көңіл күймен шығарып салдық.

Қазір бір жылдай уақыт өтті. Әлі күнге дейін байланысымыз үзілмей, күнде сөйлесіп тұрамыз. Шынайы достық ештеңеге қарамайды. Достықтың қадірі жыл артқан сайын күшейе беретініне сенімдімін. **Дос болам десен, досыңды сыйла, қымбаттым!**

(Сүлеймен Зейнұр 10 В сынып оқушысы)

2-оқушының жұмысы:

Сағат кешкі жеті. **Терезеден көктемнің желі соғып тұр.** Күні бойы үйде отырған үшеуіміздің әбден жалығып кеткеніміз көрініп тұр. Қасымдағы екі жігіт менен 2-3 жасқа үлкенірек, осы ауылда танысқанбыз, қазіргі **достығымыз Абай мен Мухаэлистің достығындай** десем, артық айтқаным емес. Түрлі кештерді бірге өткізіп, әдебиет алаңында шығармаларды талдап, оны әлеуметтік желілерде талқылап, пікір қалдырғандарды айтып, у-шу боп жатушы едік. Соңғы кезде ауылдағы интернеттің жоқтығы уақытты өткізбей қойды. Арсен де, Арман да кезек-кезек уһілеп, күрсініп қояды. Бұндайға шыдамайтынымызды түсініп, қанша ақымақ идея болса да мен «Бүгін орманға шығып,

сонда қонып қайтайық» дедім. Әлгі екеуі бір-біріне қарап тұрып, келіскен сыңай танытты. «Онда не бітіріп отырмыз, тез-тез қамданайық», деді спорттық тәртіппен өмір сүріп үйренген Арсен өзінің әдетіне басып.

Сағат сегізден кете біз ауыл төңірегіндегі орманға барып, шамамыз келгенше тамақ дайындадық. Тау бөктерінде орналасқан елді мекенде кеш ерте батты. Біз от жанында мәз болып, әңгіме-дүкен құрып отырғанбыз. Осындай атмосферада әңгіме айту әрбір жастың әдеті шығар. Бізге Арсен ауыл маңын қорып жүретін аю туралы естігенін айтып отырды. Дәл осы сәтте құдды бір Голливуд фильмдеріндегідей біреудің ауыр қадамдары естілді. **Бір минуттай үнсіздік орнап**, бір-бірімізді көзбен ғана түсіністік. Артымызға қарасақ, сол алып аюдың дәл өзі. Ойбайлап, үшеуіміз үш жаққа қаша жөнелдік. Қысқы ұйқысынан тұрған бұл орман иесі аса ашулы, аш болады деп еститінмін. Бар жылдамдығымызды қосып, 1-2 шақырымдай жерді артта қалдырдық. Алыптың бізден қалар ойы жоқ. Орманның қалың бөлігіне өтіп кеткенімізді байқамай қалдық. Күшіміз де таусылды. Бойдағы соңғы күшімізді жинап, Арман екеуіміз емен ағашына өрмелеп міндік. Қарасақ, Арсен ұшты-күйлі жоқ. Алып күш иесі біз отырған ағашты теңселте бастады. Екі көзіміз төрт болып, Арсеннен бір хабар бола ма деп күтіп отырмыз. Аю да күтуден шаршағандай қасындағы топырақты оңды-солды шашып, қаһарланып тұр. Қол-аяғымыз дірілдеп, ағашқа қатып жабысып алғанбыз. Өлген жеріміз осы шығар деп тұрғанда кенеттен 30 шақты адамның қарасы көрінді. Бәрі қаруланып алған. Олар улап-шулап, тұз тағысын шошытып жіберді. Арсен бізді құтқаруға үлгірген екен. Ол біз үшін алысырақ ауылға екі өкпесін қолға алып жүгіріп барыпты. Аяғының, денесінің сау жері қалмаған. Осындай халіне қарамастан, оның еріндері жыбырлап:

Достың сөзі жалынды,
Достың сөзі нанымды.
Аярмадың дос үшін

Ақырғы үзім наныңды,-деп үзіп-үзіп айтқанын ернінің қимылынан байқа-

дым. Дәл осы сәтте осындай досымның барына қуандым.

(Игенов Нұрдәулет
10 В сынып оқушысы)

Қорытынды

Жоғарыда берілген екі оқушының жұмысы өзгеріссіз алынып отыр. Оқушыларға берілген нұсқаулық бойынша берілген тілдік оралымдардың біреуін қолданып, өз ойымен байланыстырып жазу шарты берілген, яғни 4-әдіс. Әңгімені оқушы шарықтау шегінен немесе шиеленісуінен бастап жазуы өз еркінде, ол оқушының қиялы мен оқиғаны өрбітуіне байланысты. Ұсынылған оқушылардың екеуі де тапсырма шартын барынша орындап, өз ойларын өрбітіп, сюжет шығарып жазған. Екі жұмыста да логикалық бірізділік сақталған. Бұдан шығатын қорытынды – құрылымдық нұсқаулықтар арқылы жазылым жұмысы, біріншіден, оқушылар жазылым құрылымын және стильдік ерекшеліктерін ескере отырып жазуды үйренеді, екіншіден, оқушыларға мазмұн мен форманы бірдей қамтуы үшін көмекші құрал қызметін атқарады, үшіншіден, мазмұнды өрбіту барысында логикалық бірізділікті сақтауға көмектеседі, төртіншіден, оқырманға әсер ету үшін тілдік оралымдарды қолданып жазуға баулиды, бесіншіден, стильдік ерекшеліктерді ажыратуға дағдыланады.

Аталған әдістерді зерттей келе «Ұсынылған әдістер шығармашылық жазылым жұмысын жақсартуға қаншалықты көмектеседі?» деген зерттеу сұрағын қарастыруға болады.

Қолданылған деректер тізімі

1. **Авакова Р.А.** Фразеологиялық семантика. Алматы. Қазақ университеті. 2002
2. **Аханов К.** Тіл білімінің негіздері. Алматы. 1993
3. **Әбілқасымов Б.** Әбілғазының «Шежіре-и-түркі» атты шығармасындағы тұрақты тіркестер // Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. Алматы: Ғылым. – 1983
4. **Жұбанов Қ.** Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1999

5. **Қабдолов З.** «Сөз өнері» Алматы. «Мектеп» 1982
6. **Қалиұлы Б.** Жалпы тіл білімі. Алматы, 2005
7. **Кеңесбаев І.** «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» «Ғылым» 1997
8. **Марфуға Айтқожина** - Өлеңдер - Bilim – All
9. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (ТІ) пәні бойынша оқу жоспары 10-сынып
10. **Рубинштейн С.Л.** Основы общей психологии (в 2-х томах). Т.1. –Москва: «Педагогика», 1989.
11. **Сыздық Р.** «Сөз құдіреті». Алматы: Санат. 1997
12. Оқушылардың жазылым жұмыстары.

● УЛУЧШЕНИЕ ТВОРЧЕСКОГО ПИСЬМА С ПОМОЩЬЮ СТРУКТУРИРОВАННЫХ ИНСТРУКЦИЙ

С. К. Кабденова

Назарбаев Интеллектуальная школа
физико-математического направления
г. Костанай, Республика Казахстан

Аннотация. В данной статье представлены результаты исследования обучения казахскому языку в рамках нового содержания образования, в том числе навыку творческого письма. Представлены наиболее эффективные способы, при помощи которых учащиеся могут улучшить навыки творческого письма. Для демонстрации результатов представлены примеры работ двух учащихся (жанр, рассказ). Работа по данной теме свидетельствует о качественной подготовке учащихся к предстоящему экзамену по предмету. В конце статьи показаны наиболее полезные выводы по данной теме. Выявлены эффективность и недостатки методов, использованных при изучении данной темы. Данные методы могут быть использованы в Назарбаев Интеллектуальных школах и общеобразовательных школах.

Ключевые слова: письмо, творчество, навыки, качественная подготовка, сюжет.

● IMPROVING CREATIVE WRITING WITH STRUCTURED INSTRUCTIONS

S.K. Kabdenova

Nazarbayev Intellectual physics and mathematics
Kostanay city, Republic of Kazakhstan

Abstract. This article presents the results of the study of activities within the framework of the new educational content in the four skills of teaching Kazakh language, including creative writing skills. It is proposed how to improve students' creative writing skills, what ways to make them effective, and one of the ways to do so. To demonstrate the results, sample works of two students (in the genre of stories) are presented. Work on this topic shows that it is to create high – quality preparation of students for the upcoming examination work. At the end of the article the effective aspects of this topic are indicated. The effectiveness and shortcomings of the methods used in the study of this topic are revealed. These methods can be used in Nazarbayev Intellectual Schools and secondary schools.

Keywords: writing, creativity, skills, high-quality training, plot.

FTAMP 14.25.09

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КІТАП ОҚУ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТУРАЛЫ

А. Т. Миржакупова

«Исток» жекеменшік жалпы білім беру мектебі,
Өскемен қаласы, Қазақстан Республикасы

лас барысында проблеманы анықтап, соны шешу үшін күш біріктірсе, проблема қою арқылы оқытуда мұғалім оқушыларға алдын ала дайындаған проблемалық сұрақ қояды. Оқушылар сұраққа жауап беру үшін түрлі мәтінмен жұмыс істейді, зерттеу жүргізеді. Ал проблемалық оқыту олардан басқаша және күрделі екенін айтады. Автор William мен Mary-дің талдауларына сүйене отырып, PBL оқушының білім алуына үш түрлі бағытта әсер ететін жазады. Ол, біріншіден, проблеманы шешуде оқушылар бір емес, бірнеше пән саласының білімдерін сіңіруге мүмкіндік алады. Яғни, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында пәнаралық байланыс жасауға мүмкіндік беріледі. Екіншіден, проблеманы шешуде эксперименталды әдістің кең қолданысы көрініс табады. Үшіншіден, пән бойынша түрлі ресурсқа талдау жасау қарастырылады. Жоғарыдағыны қорытындылай келе, тәжірибеге өзгеріс енгізу үшін проблема қою арқылы оқыту (Inquiry-Based Learning) тәсілі таңдалды.

Негізгі бөлім

Зерттеу барысында сапалық және сандық зерттеу әдістері қолданылды, сондықтан бұл жұмысты аралас зерттеу әдістері негізінде жасалды деуге болады. Зерттеу кезінде негізгі және жоғары буын оқушыларынан интервью және сауалнама алынды. Оқу үрдісінде кері байланыс маңызды әдістердің бірі. Сол себепті жоғары және орта мектеп оқушылары арасында зерттеу жүргізілді. Зерттеу мақсаты оқушылар қаншалықты мәтінді, тақырыпты зерттей алатындығына мән береді, сонымен қатар жалпы зерттеу мен зерделеп оқуды қалай іске асырады? Осындай сауалдардың жауабын анықтау мақсатында сауалнама және сұхбат түріндегі зерттеу жүргізілді. Зерттеуге 40 оқушы қатысты, оның ішінде 20 оқушы негізгі мектептен, 20 оқушы жоғары мектептен. Сауалнама төмендегідей сауалдардан тұрды. Негізгі мектеп: «Сабақ барысында зерттеу тапсырмасы беріледі ме?» – деген сұраққа зерттеуге алынған оқушылардың 40 пайызы «ия», 60 пайызы «жоқ» деп жауап берді. «Ақпаратты, тақырыпты өз бетімен зерт-

тей аласыз ба? Кімнің көмегі қажет?» – деген сұраққа 40 пайызы мұғалімнің көмегі қажет деп жауап берді, 60 пайызы берілген тақырып бойынша қажетті ақпаратты өз бетіммен іріктей аламын деп жауап берді. «Сабақта қандай зерттеу тапсырмасын орындайсыздар?» деген сұраққа 70 пайызы қойылған сауалға жауап іздеу, 20 пайызы көтерілген мәселе бойынша ақпаратты, материалды жинақтау, ал 10 пайызы материалды талдау (түпнұсқа дереккөзді) деп жауап берді. Жоғары мектеп: «Сабақ барысында зерттеу тапсырмалары беріледі ме?» – деген сұраққа зерттеуге алынған оқушылардың 90 пайызы «иә», 10 пайызы «жоқ» деп жауап берді. «Дереккөздерді зерттеуде көмек қажет пе?» – деген сұраққа 60 пайызы сыныптастарымның, 40 пайызы ешкімнің, өзім орындай аламын деп жауап берді. «Ақпаратты сұрыптай аласыз ба» деген сұраққа 70 пайызы иә, 30 пайызы қиналамын деп жауап берді. «Зерттеу дағдылары – бұл зерттеу қызметін құрайтын және жаңа білімге әкелетін интеллектуалдық және эмпирикалық әрекеттерді жүзеге асыру үшін операциялар кешенін орындау мүмкіндігі және оны жүзеге асыру» дейді А.И. Савенков [6]. Кіріс сауалнама нәтижесі оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту қажеттілігін көрсетіп, тәжірибеге шағын топта зерттеу тапсырмаларын кіріктіру көзделді.

Сабақтарда проблемалық оқыту тәсілін негізге ала отырып оқыту үдерісін ұйымдастыру үшін алдымен «шынайы сынып», яғни оқушыларымның қандай оқу мақсатына қол жеткізу қиындыққа соғатынын анықтау қажеттілігі туындады. Жиынтық бағалау жұмыстарының, мониторинг нәтижесі оқушылардың оқылым мен айтылым тілдік дағдыларын қалыптастыруды күшейту, атап айтқанда «О6. Өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау» «А5. Сенімді және еркін жауап беру» оқыту мақсаттарына қол жеткізуге бағыттау өзекті мәселе болып белгіленді. Аталған оқу мақсаттары бір бөлімді меңгеру барысында алдымен сөздік қор қалыптасып, тақырып бойынша білімі жинақталған жағдайда ғана іске асырылу жоспарланады, себебі проблемалық оқыту тақырыпты тереңірек өз бетінше зерттеп,

мәселені анықтап, көзқарасын білдіруге бағыттайды. Яғни, «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша сабақта проблемалық оқыту тәсілін тәжірибеге енгізудің арқасында оқушылар:


- ▶ проблеманы шешу үшін көбірек ақпарат жинауға мәжбүр болады;
- ▶ оқушылардың тілдік дағдылары бір деңгейде болмағандықтан, топта шынайы өмірден алынған проблеманы шешу үшін бірге жұмыс жасайды;
- ▶ топта тапсырманы орындау үшін өзара талқылауға түсу қажеттілігі туындайды;
- ▶ проблемалық сұраққа жауап беру үшін түрлі мәтінмен жұмыс істейді, зерттеу жүргізеді;
- ▶ эссе жазуға, нақты аргументтер келтіруге, өмірмен байланыстыруға, шешу жолдарын ұсынып, қорытынды жасауға дағдыланады деп күтілуде.

Осыдан проблемалық оқытудың «ішінара-іздеу» мен «нақты жағдаят» әдістері тәжірибеге енгізілу жоспарланды. Күтілетін нәтиже: оқушылар проблемалық міндеттердің көмегімен жаңа білімді іздейді; зерттеушілік шеберліктерін (проблеманы анықтау, ақпарат жинау, талдау жасау, қорытындылау, шешім ұсыну) дамытады. Проблемалық оқыту – дамыта отырып оқытудың түрі екенін ескере отырып, тәжірибемді зерттеу сұрағын «Проблемалық оқытудың «ішінара іздеу» мен «нақты жағдаят» әдістері 8D сынып оқушыларының зерттеушілік дағдыларын дамытуға қалай әсер етеді?» деп белгіленді.

Проблемалық оқытудың әдіс-тәсілдерін тәжірибеге енгізу үшін ең қолайлы деп «О6. Өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау» оқу мақсаты таңдалды. 8-сыныпта «Биоалуантүрлілік» бөлімінің 5-ші сабағы болғандықтан, оқу бағдарламасына сәйкес «8.О6. Тақырып бойынша деректер қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізеді» деп оқу мақсаты белгіленді. Оқушылар алдыңғы сабақтан және биология

мен география сабақтарынан алған білімдерін қолданып, «Білемін» және «Білгім келеді» кестесін толтырды, жауаптарымен бөлісті. Оқылымалды тапсырмасында сөздік жұмысы арқылы оқушылар бөлім тақырыбы бойынша меңгерген зат есімдерді, етістіктерді, сөз тіркестерді, мақал-мәтелдерді естеріне түсіріп жазды, яғни өткен сабақпен байланыс жасалды, алдағы оқылым тапсырмасына дайындық жүргізілді. «Ішінара-іздеу» әдісі негізінде оқылым тапсырмасы проблемалық міндеттердің көмегімен жаңа білімді іздеуге бағыттайтын тапсырма ретінде ұсынылды. Бұл жерде оқушылар мәтіндерді оқу барысында «сканерлеп оқу», «талдап оқу» түрлерін қолданып, мәселеге қатысты деректерді кестеге жазып, жинақтады. Яғни оқушылар мәтінде көтерілген мәселелер, олардың себептері, салдары, мәселені шешу жолын анықтау қажет болды. Оқылым тапсырмасында оқушылардың алдарына проблема қойылады: «Жануарлар неліктен жойылуда?» (оқытудың зерттеу әдісі). Оқушыларды сенсорлық түйсік қабылдаулары ескеріліп топқа бөлінеді. Оқылым тапсырмасының дескрипторын басшылыққа алып, оқушылар топта көтерілген мәселені анықтайды; қажетті ақпаратты өз бетінше іріктейді; мәселенің себептері мен салдарын анықтайды; фактілерді талдап, мәселенің шешу жолын ұсынады. Оқушылар «Жануарлар

неліктен жойылады?» тақырыбын ашып, жұмыс нәтижесімен PRES тәсілі негізінде таныстырады, бірін-бірі бағалайды. Топтағы жұмыстың тиімділігін қадағалау мақсатында бағалау парағы бойынша топтық жұмыстың ұйымдастырылуы, мазмұны (тақырыптың ашылуы, мәліметтің жан-жақты зерттелуі), PRES тәсілін қолдануы (негіздеу, позиция, мысал, қорытынды) оқушылар тарапынан жеке бағаланады. Топтық жұмыстың бағалануы арқылы өз бетінше оқуды басқарулары қандай деңгейде екенін түсіну маңызды. Жалпы жұмыс нәтижесінің сәтті шығуы бірлесе жұмыс істей алуларына байланысты екенін оқушылар түсіну қажет. Оқылымнан кейінгі тапсырма «Нақты жағдаят» әдісі. Оқушылар зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, пәнаралық білімдерін қолданып, жағдаяттың шешімін ұсынады. Бұл тапсырма мұғалімнің қолдауын қажет етпейтін тапсырма, сол себептен оқушылар жұпта талқылап, өз жауаптарын ұсынады. Тапсырманың дескрипторы негізінде оқушылар проблеманың туындауы туралы айтады; ойын дәлелдеуде мәтіндегі деректерді қолданады; проблемалық жағдайдың шешімін ұсынады; тақырыпқа сай актив сөздерді орынды қолданады; өзіндік көзқарасын мақал-мәтелмен қорытындылап жеткізеді. Оқушылар жұмыстарын «Үш мықты жақ және бір мақсат» әдісін негізінде кері байланыс береді.




- Иә, тиімді болды, себебі біз белсенді жұмыс істедік.
- Иә, тиімді болды, себебі жауапкершілікті сезіндік.
- Жоқ, тиімді болмады, себебі өз қалауымыз бойынша топқа бөліну ұнайды.

1-сурет – «Зерттеу тапсырмасын орындау үшін топқа темперамент түрі бойынша бөліну тиімді болды деп ойлайсыз ба?» сұрағына оқушылар жауаптарының көрсеткіші

Оқушылардың тең жартысында орташа оқу қарқыны болғандықтан, «мәселені зерттеу» кестесі оқушыларға жұмыстарын жүйелеуге, ізденіс қадамдарын жүзеге асыруға септігін тигізді, тақырыпты зерттеуге өз үлесін қосты. Сөйтіп, оқылым ресурсын шағын топта зерттеуді ұйымдастыруда қолданылған әдістер

сабақ мақсатына қол жеткізуге бағыттап, күтілетін нәтижеге сәйкес болды, оқушылар проблемалық міндеттердің көмегімен жаңа білімді іздеу арқылы коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырып, зерттеушілік дағдыларын дамытуға мүмкіндік алды.



2-сурет – «Оқылым тапсырмасының мақсаты қандай болды?» сұрағына оқушылар жауаптарының көрсеткіші

1. Зерттеуге қатысқан 8D сыныбының 1-ші тобындағы 11 оқушының 85,7 % тиімді деп жауап берді, алайда 14,3 % оқушы топқа өз қалауымыз бойынша топтасқанды қалайтыны байқалды. 2-ші сұраққа жауаптарында орындаған жұмыстарын атап көрсеткен.
2. «Мәселені зерттеу ағашы» әдісі мәтінде зерттеп оқуға көмектесті ме сұрағына 100% оқушылар «иә» деп жауап берген, яғни тағдалған әдіс-тәсілдің тиімді екенін көрсетеді.
3. «Оқылым тапсырмасын орындауда мұғалімнің көмегі керек болды ма?» сұрағына 100% оқушылар «жоқ» деп жауап берген, яғни оқушылар өз бетімен негізгі тапсырманы орындай алғанын көрсетеді.
4. «Топта кім көп көмек көрсетті?» сұрағына 1-ші топта 42,9 % Р. атты

оқушыны атаған, ал 2-ші топта 14,2 % Н. оқушыны атаған. Аталған оқушылар білім деңгейі жоғары және көшбасшы оқушылар екені ескерсек, өзара бірігіп, білім алу, топтық жұмысты сәтті орындауға септігін тигізгендерін байқалады.

5. «Оқылымда қандай дескрипторды орындай алдыңыз?» сұрағына 71,4 % барлық дескрипторды белгілеген, ал 28,5% оқушы жаңа сөздерді орынды қолдану және мәселені өмірмен байланыстырып, мысал келтіруге қиынсынғанын көрсетеді.
6. «Жағдаяттық тапсырма ұнады ма? Неге?» сұрағына айтылымды дамытады, сабақтың тақырыбын ашады, көзқарасымызды білдіруге көмектесті, сөздік қорымды бағалауға көмектеседі деп жауап берген.

7. «Қандай жағдаят бойынша жауап бердіңіз?» деген сауалға 71,4% үшінші жағдаятты, 14,3 %-дан екінші және төртінші жағдаятты таңдағандарын көрсетеді. Яғни, жағдаяттық тапсырманы саралап ұсыну оқушылардың басым көпшілігі күрделілігі жағынан орташа және жоғары тапсырмаларын таңдағанын көрсетеді. Жағдаяттық тапсырма бойынша жауап беруге PRES тәсілінің көмегі тигінін барлық оқушылар атап өтті.
8. «Алдағы сабақта нені ескеруіміз қажет?» деген сұраққа «жана сөздерді толық, көбірек қолдануға», «топта жұмысқа» деп жауап берген.
9. «Алған білімді қайда қолдана аласың?» сұрағына келесі сабақтарда, география мен биология сабақтарында, өмірде керек, себебі су тапшылығы мәселесін қалай шешу керек екенін білемін деген жауаптар берілді. Кері байланыс оқушылардың дереккөздерде көтерілген мәселені анықтап, талдау жасау, мәселенің шешу жолдарын ұсынуға қиналмағандарын атап көрсетеді. Яғни, жалпы тақырып бойынша ақпаратты сұрыптай алулары, қорытынды шығарып, қажетті ақпаратты дәлел ретінде қолдана алулары байқалады. Тәжірибеге енгізілген проблемалық оқытудың әдіс-тәсілдері сабақтың оқу мақсатына қол жеткізуге ықпал еткенін көре аламыз.

Тәжірибені зерттеу сабағы барысында қолданған әдіс-тәсілдер мен ресурстар, бағалау құралдары оқытудың тиімді өтуіне себеп болды. Проблемалық оқытудың әдіс-тәсілдерінің көмегімен оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға, атап айтқанда, мәтіндегі көтерілген мәселені анықтау, деректер жинау, талдау жасау, өз көзқарасын дәлелдеу, қорытынды шығарып, шешім ұсына алуларына үлесін қосты. Сабақта пәнаралық байланыс қолдану оқушыларға су тапшылығы жайлы білімдерін кеңейтуге, адамдардың күнделікті өмірмен байланыстыруда тиімді болды. Бұл жағдаятқа сай ауыз суға байланысты мәселені талқылауда бірқатар оқушылар судың биологиялық

маңыздылығын жауап беру барысында тезистік тұжырымдарының негізін қаласа, екінші қатар оқушылар жауаптарында географиялық аумақ ерекшеліктерін қосымша дәлел ретінде ұтымды қолдана алуларынан байқауға болады. Тақырып бойынша ресурстарды зерделеу барысында сөздік қорларын кеңейту ойларын жеткізіп, дәлелді жауап беру айтылым дағдыларын жақсартуға мүмкіндік берді, ал оқу барысында әр оқушы үшін сәттілік жағдайы оқу мақсатына қол жеткізуге септігін тигізеді. Әрине осы сабақта қол жеткізген табыстармен қатар әр сабақта сөздік қорды дамыту, жалпы айтылым сапасын ілгерілетуді басты назарда ұстау қажет. Оқушылардың мәтінді талдауы, ауыз су мәселесін жан-жақты қарастырып, оның себептері мен салдарын анықтау, елімізде ауыз су сапасын жақсарту жұмыстарына баға беру, көзқарасын білдіру, өз тараптарынан мәселенің шешу жолдарын ұсына білу дәрежесіне жету – іс-әрекеттегі зерттеуімнің жемісі деп білемін. Ой-толғанысымның нәтижесінде іс-әрекеттегі зерттеу сабағында қолданылған тәсілдер сәтті жүзеге асырылған, тапсырмалардың қарапайымнан күрделіге бағытталуы іс-әрекеттегі зерттеу мақсаты, сабақтың мақсатына жету үшін және оқушылардың талдау, зерттеу дағдыларын дамытуда оң ықпал етті деген ой түйдім. Мұның дәлелі оқушылардың, ата-аналардың кері байланысы, оқу үдерісін бақылау нәтижесі.

Қорытынды

Сабақты проблемалық оқыту негізінде ұйымдастыру сәтті өтті. Оқылымнан кейінгі тапсырмада «нақты жағдаят» әдісі негізінде саралап оқытудың проблемалық тегеурін принципін қолдану барысында жүзеге асырылуы тиімді өтті, себебі таңдауға ұсынылған бірнеше жағдаят оқушыларға жақын арадағы даму аймақтары ескеріліп ұйымдастырылды. Бұл кезеңде мәселенің мәнін түсініп, себептерін ашу, фактілерді орынды келтіру, сапалы ауыз судың биологиялық маңыздылығын дәлелдеу, су тапшылығын географиялық жағдаймен байланыстыру арқылы пән құзыреттілігін арттырып, сабақта зерттеліп, талданған

дереккөздерді енді жағдаят шеңберінде қорытынды тұжырым жасай алатындарын байқатты. «Су – өмір нәрі», «Су бар жерде тіршілік бар», «Су – денсаулық пен тазалықтың көзі», «Су мәселесі шешімін табуды қажет ететін әлеуметтік сала» деген қорытындылар жасалды. Жұмысты орындау сапасы мен кері байланыс нұсқаулықтың түсінікті болуын, дәлелді жауап құруда PRES тәсілін қолдану тиімді болғанын көрсетеді.

Қорытындылай келе, қолданылған оқыту әдістері, ресурстар сабақтың мақсаты мен күтілетін нәтижеге сәйкес болды. Орындалған жұмыстар арқылы оқушының дамуы, ізденісі, мәселеге деген көзқарасы туралы өзіндік көзқарас білдіріп, тұжырым жасау дағдылары дамытылды. Проблемалық оқыту әдіс-тәсілдері пәнаралық байланыс, өзара бағалау мен кері байланыс, оқушылардың оқыту мақсатына қол жеткізіп, оқытудың пәндік мазмұнын толық ашуға мүмкіндік берді. Топтық жұмыста оқушының бірлескен оқуға атса-

лысуын қадағалау барысында жұмысты өзара бөліп алуға болатынын айтуға тура келді, сондықтан келесі сабақта топта алдын ала рөлдерді бөлу «ішінара-зерттеу» әдісінің ұтымдылығын артта түседі.

Қолданылған деректер тізімі

1. **Аксенова И.В., Богучарская И.Г.** Проблемно-ориентированное обучение на уроках в школе. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2018.
2. **Зияхметова Н.М., Нурмуханова Г.А.** Оқу үдерісінде PBL-ды қолдану. - Нұр-Сұлтан: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2021.
3. **Оспанов Е.Т., Шегебаева В.С.** Оқушының өз бетінше оқу дағдысын дамыту. - Нұр-Сұлтан: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2021.
4. **Қойлық Н.О., Сардарова Ж.И.** Оқу үрдісінде проблемалық оқытуды қолданудың тиімділігі. Алматы, 2019.
5. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ да-рындылықты дамыту бағдарламасы. СТУ, 2011.
6. **А. И. Савенков.** Путь в неизведанное: как развивать свои исследовательские способности. – М., Генезис, 2005г., 94с.

● РАЗВИТИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ ПРОБЛЕМНОЕ ОБУЧЕНИЕ

М.Т. Козганбаева

Назарбаев Интеллектуальная школа
физико-математического направления
г. Костанай, Республика Казахстан

Аннотация. В данной статье рассматривается важность проблемного обучения в учебном процессе. Во-первых, приведена теоретическая основа проблемного обучения на основе обзора литературы на международном уровне. Кроме того, рассмотрены и проанализированы результаты исследований, проведенных среди учащихся средних классов. В результате данного исследования преподаватели общеобразовательных учреждений смогут получить информацию об опыте использования проблемных ситуаций и частично-поискового метода в проблемном обучении, что способствует развитию у учащихся исследовательских навыков.

Ключевые слова: проблемное обучение, исследовательские умения, исследовательская практика.

● **DEVELOPING STUDENTS' RESEARCH SKILLS THROUGH PROBLEM-BASED LEARNING**

M.T. Kozganbayeva

Nazarbayev Intellectual School of Physics and Mathematics
Kostanay, Kazakhstan

Abstract. This article discusses the importance of problem-based learning in the educational process. First, a theoretical framework for problem-based learning is presented based on a literature review at the international level. In addition, the results of studies conducted among middle school students are reviewed and analyzed. As a result of this study, teachers of general education institutions will be able to obtain information about the experience of using problem situations and a partially search method in problem-based learning, which contributes to the development of students' research skills.

Key words: problem-based learning, research skills, research practice.

МРНТИ 14.25.07

ЭФФЕКТИВНЫЙ УРОК: ВЗГЛЯД УЧИТЕЛЯ И УЧЕНИКА

Л.В. Трубникова, Ж.А. Хайбулина

Назарбаев Интеллектуальная школа
физико-математического направления г. Актобе,
Республика Казахстан

Аннотация. Данная статья посвящена определению критериев эффективного урока в рамках исследования в действии (Action research). Описаны конкретные методы, инструменты исследования и результаты, полученные учащимися в процессе обучения. Авторы статьи делают вывод о том, что критерии эффективного урока, определенные учащимися и учителями в ходе исследования совпадают и это позволяет повысить мотивацию учащихся к обучению и развить навыки высокого порядка, необходимые для формирования конкурентоспособной личности.

Ключевые слова: критерии, эффективный урок, исследование в действии, интеллектуальный потенциал.

Введение

Основными задачами современного образования являются развитие у учащихся интеллектуального потенциала, формирование критического, творческого мышления и навыка работы с различными источниками информации.

Учебный процесс должен быть построен таким образом, чтобы учащиеся получали знания в процессе активной собственной деятельности, где у них есть возможность размышлять и формулировать свою точку зрения, опираясь на жизненный опыт и наблюдения. Учитель, используя личностный подход, строит траекторию развития каждого ученика, которая соответствует его потребностям, возможностям и психологическим особенностям. Эффективный урок должен включать четкие и простые инструкции, направленные на достижения конкрет-

ной цели, быть увлекательным, чтобы поддерживать интерес учащихся на протяжении всего процесса обучения. Урок, на котором удаётся вовлечь всех учащихся в процесс обучения, когда каждый находит работу, соответствующую своему уровню знаний, а по итогам урока показывают хорошие знания и есть эффективный урок.

Основная часть

В зарубежных источниках большое внимание уделяется планированию урока, но в то же время отмечается, что эффективный урок, не должен идти точно по плану, в ходе урока и ученики, и учитель учатся друг у друга. Учитель при разработке плана урока должен задуматься над следующими вопросами:

1. Как я буду объяснять тему?

2. Как привлечь учащихся к изучению темы?
3. Какие задания, ситуации из реальной жизни могут помочь учащимся понять тему?
4. Что нужно сделать учителю, чтобы все учащиеся поняли тему? [1]

Авторы книги «Как работает обучение?», делают акцент на самостоятельное изучение учащимися нового материала, и отмечают, что обучение — это то, что делают учащиеся для своего обучения. [2] Боженко Н. Г. определяет основной критерий эффективности современного урока - знания, которые учащиеся приобрели в ходе процесса обучения. [6]

Эллен Ульман указывает на то, что эффективный урок должен заставлять учащихся думать и использовать ранее полученные знания, развивать новые навыки. Также она отмечает, что результаты проведённого урока должны быть проанализированы, то есть учитель должен уметь рефлексировать, отмечать сильные и слабые стороны урока. [3]

Практикующие учителя выдвигают большое количество критериев эффективности урока:

1. усвоение учащимися определённых знаний;
2. формирование учебных умений и навыков;
3. включённость учащихся в учебную деятельность;
4. развитие у учащихся познавательных процессов, рефлексии и оценочной деятельности;
5. связь учебного материала с жизненным опытом учащихся, индивидуализация и дифференциация заданий. [4,5]

Перед нами встал вопрос: какими критериями должен обладать современный урок? Поэтому цель нашего исследования: определить критерии эффективного урока, с точки зрения учащихся и учителей.

Исследование предполагало поиск решений следующих вопросов:

Совпадают ли взгляд на эффективный урок у учителей и учащихся?

Как изменится качество обучения, при планировании уроков в соответствии с критериями, предложенными учащимися?

База исследования: в исследовании приняли участие 77 учащихся 8, 9 и 10 классов, из них девушек -22 и юношей – 55 и 98 учителей Назарбаев интеллектуальной школы города Актобе. Мы сравнили результаты успеваемости учащихся за 2 и 3 четверти. В 3 четверти планировались и проводились уроки с учетом критериев эффективности предложенных учащимися.

Методы и методики исследования.

- теоретические (анализ психолого-педагогической литературы, сравнение);
- эмпирические (эксперимент);
- качественный (анкетирование) и количественный (опрос) анализ полученных данных.

Для подтверждения достоверности полученных результатов мы применяли критерий Розенбаума.

В начале исследования было проведено анкетирование. Нами была составлена анкета из 5 вопросов, которые помогли нам определить критерии эффективного урока глазами наших учащихся. Данные анкетирования представлены в таблице 1.

Таблица 1. Урок глазами детей

Вопросы	Да	Нет		Только при объяснении сложных тем	
1.Необходимо ли вам на уроке (химия, биология) объяснение учителя?	84%	1%		15% из них: 10% учащиеся 8 класса, 3% - 9 класса, 2% учащиеся 10 класса	
	Индивидуальная	Групповая		Парная	
2.Какая форма работы для вас на уроке более приемлема?	31% из них: 7% учащиеся 8 класса, 11% - 9 класса, 13% учащиеся 10 класса	24% из них: 10% учащиеся 8 класса, по 7% - 9 и 10 класс		45% из них: 13% учащиеся 8 класса, 15% - 9 класса, 17% учащиеся 10 класса	
	Виды деятельности на уроке				
	Лабораторные/практические работы	Работа с печатным материалом/текстом	Решение проблемных/расчетных задач	Мини проекты	Создание презентаций
3.Какие виды работ вы предпочитаете выполнять на уроке (при изучении нового материала)?	65%	57%	39%	27%	16%
	Да		Нет		
4.Дают ли вам обратную связь на уроке и как она помогает вам в процессе обучения?	98% • помогает при написании суммативных работ за раздел и четверть; • обратная связь даёт возможность понять свои слабые и сильные стороны, а так же допускать меньше ошибок при выполнении заданий; • я могу понять, где у меня ошибки и где нужно улучшить знания		2%		
5. Используете ли вы предметные знания в повседневной жизни?	78% из них: 18% учащиеся 8 класса, 29% - 9 класса, 31% учащиеся 10 класса		22% из них: 15% учащиеся 8 класса, 4% - 9 класса, 3% учащиеся 10 класса		

В таблице 2 представлен количественный состав респондентов, принявших участие в интервью.

Таблица 2. Количественный состав

Класс	Юноши	Девушки
8	2	1
9	1	2
10	2	2
Итого:	5	5

На вопрос: какую форму работы вы считаете не эффективной на уроке?

7 респондентов (из них все респонденты 8, 9 классов и 1 учащийся 10 класса) ответили, что считают малоэффективным самостоятельное изучение нового материала.

5 учащихся (из них 2 ученика 8 класса и 3 ученика 9 класса) ответили, что им не нравится работать с большим объемом информации.

4 респондентов (это учащиеся 10 класса) отметили, что создание постеров для них

не эффективно, так как данный вид работы не позволяет глубоко изучить новый материал.

2 ученика (9 класс) из опрошенных, выразили мнение, что слушать объяснения более продвинутых одноклассников для них не является эффективной формой обучения.

На вопрос интервью, как должен быть построен эффективный урок, учащиеся предложили разнообразные модели урока, которые приведены в таблице 3.

Таблица 3. Критерии эффективного урока глазами детей

Класс	Критерии
8 класс	• урок, во время которого выделяются ключевые слова; • работа с графиками и картинками; • с подробными объяснениями от учителя и демонстрациями; • исследовательская работа, лабораторная работа; • викторины; • загадка в начале урока, которая может дать подсказку, какая будет тема, запись ключевых слов, парная работа, закрепление материала с учителем, интересные факты, которые встречаются в жизни;
9 класс	• урок, где делаются короткие, но понятные схемы, которые пригодятся на суммативном оценивании; • работа с графиками, таблицами; • решение ситуационных задач.
10 класс	• урок, где делаются короткие, но понятные схемы которые пригодятся на суммативном оценивании; • работа с графиками, диаграммами, с различными видами таблиц; • решение расчетных и экспериментальных задач; • проблемные ситуации и вопросы;

Выводы по результатам анкетирования и интервью:

1. Для большинства учащихся важно объяснение нового материала учителем.
2. Учащиеся на уроках предпочитают работать в паре при выполнении практических и лабораторных работ.
3. Учащиеся получают конструктивную обратную связь от учителя, и она помогает им делать коррекцию индивидуальной траектории обучения.
4. Задания на закрепление полученных знаний должны быть разнообразны-

ми и развивать навыки высокого порядка.

В ходе исследования было проведено анкетирование учителей. Выборка составила - 98 человек.

На основе ответов учителей школы было сформулировано следующее определение: эффективный урок — это урок в безопасной среде на основе ценностей, направленный на развитие функциональной грамотности и идей глобального гражданства через деятельностные методы обучения.

В таблице 4 представлены критерии, предложенные учителями школы.

Таблица 4. Критерии эффективного урока глазами учителей

Критерии			
Системно-деятельностный подход в обучении	Функциональная грамотность	Глобальное гражданство	Безопасная среда
1. применение эффективных методов обучения;	1. владение навыками функциональной грамотности;	1. наличие навыков лидерства в межэтническом контексте (взаимодействие с людьми, уважение интересов и мнений, сопереживание и гибкость);	1. соблюдение техники безопасности при использовании учебного оборудования на уроке;
2. вовлеченность учащихся в учебный процесс;	2. применение прикладных знаний на практике.	2. понимание ценностей школы, 17 целей устойчивого развития (ООН, глобальное гражданство).	2. создание благоприятной социально-психологической среды (доверительное отношение друг к другу, возможность выражения точки зрения, умение контролировать эмоции, ответственность за свои слова и поступки);
3. использование различных видов оценивания;			3. обеспечение безопасной информационно-коммуникационной среды (IT безопасность, обмен информации, продуманная виртуальная учебная среда).
4. конструктивная обратная связь.			

Анализируя ответы учителей и учащихся, мы сделали следующие выводы:

1. необходимость конструктивной обратной связи на уроке;
2. использование на уроке заданий прикладного характера;

3. обеспечение безопасной среды обучения.

Для оценки различий между показателем успеваемости учащихся 8-10 классов был использован Q-критерии Розенбаума, данные представлены в таблице 5.

Таблица 5. Q-критерии Розенбаума

Класс	Критерий Розенбаума (Q)			
	Биология		Химия	
	p=0,05	p=0,01	p=0,05	p=0,01
8 «Е»	9 > 6	9 = 9	8 > 6	8 < 9
8 «F»	7 > 6	7 < 9	6 = 6	6 < 9
9 «Е»	9 > 6	9 = 9		
9 «D»	6 = 6	6 < 9		
10 «Е»	9 > 6	9 = 9	8 > 6	8 < 9
10 «F»	8 > 6	8 < 9	7 > 6	7 < 9
10 «G»	7 > 6	7 < 9	4 < 9	4 < 9

Выводы:

1. При значении $p=0,05$ в классах 8 «Е», 8 «F», 9 «Е», 9 «D», 10 «Е», 10 «F» по предметам химия и биология значение Q превышает или равно табличному значению, что показывает различие между уровнем выполнения суммативных работ во 2 и 3 четвертях. Результаты суммативных работ за 3 четверть в этих классах на 3-5% выше, чем во 2 четверти.
2. В 10 «G» классе по предмету «Химия» нет существенных различий между результатами 2 и 3 четверти.
3. При значении $p=0,01$ в классах 8 «Е», 9 «Е», 10 «Е» по предмету биология значение Q показывает различие между уровнем выполнения суммативных работ во 2 и 3 четвертях.

Заключение

Как мы видим, результаты, полученные в ходе исследования, показывают, что уроки спланированные с учетом критериев учащихся не значительно повлияли на успеваемость учащихся, это означает, что учителя создают на уроке условия для поддержания позитивного отношения учащихся к учебе и их мотивации на протяжении всего учебного процесса.

Для повышения успеваемости учащихся можно предложить несколько рекомендаций:

1. в течение учебного года проводить анкетирование и опрос учащихся, с целью выявления значимых для учащихся форм организации урока;
2. создание условий для конструктивного диалога учителей с учащимися;
3. организация индивидуальных занятий для учащихся с целью формирования навыков самостоятельной работы.

Список использованных источников

1. Fink D. Integrated course design. Manhattan, KS: The IDEA Center. 2005. - С. 41
2. Амвросий С., Бриджес М., Ловетт М., ДиПьетро М., Норман М. Как работает обучение: 7 основных на исследованиях принципов умного обучения, Калифорния, 2010. - С. 25-42
3. Ульман Э. Как планировать эффективные уроки // <https://www.ascd.org/el/articles/how-to-plan-effective-lessons>
4. Бернс Р. Качественное обучение в первую очередь: шесть особенностей превосходных объяснений, WW Norton, 2021. - С. 44-61
5. Водзинский И. Критерии оценки эффективности и качества урока // <http://www.myshared.ru/slide/1163936/>

6. **Боженко Н.Г.** Современный урок - эффективный урок // https://xn--jlahfl.xn--plai/library/sovremennij_urok_effektivnij_urok_030317.html

● **ТИІМДІ САБАҚ: МҰҒАЛІМ ЖӘНЕ ОҚУШЫНЫҢ КӨЗҚАРАСЫ**

Л.В. Трубникова, Ж.А. Хайбулина

Ақтөбе қаласындағы физика-математика бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі, Қазақстан Республикасы

Аннотация. Бұл мақала іс-әрекетті зерттеу аясында тиімді сабақтың критерийлерін анықтауға арналған. Мақалада нақты әдістер, зерттеу құралдары және оқу процесінде алынған студенттердің нәтижелері сипатталған. Мақала авторлары зерттеу барысында студенттер мен мұғалімдер анықтайтын тиімді сабақтың критерийлері сәйкес келетінін және бұл студенттердің оқуға деген ынтасын арттыруға және оқуға қажетті жоғары дәрежелі дағдыларды дамытып, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді деген қорытындыға келді.

Кілт сөздер: критерий, тиімді сабақ, іс-әрекеттегі зерттеу, интеллектуалдық потенциал.

● **EFFECTIVE LESSON: TEACHER AND STUDENT VIEW**

Trubnikova L.V. Khaibulina Zh.A.

Nazarbayev Intellectual School of Physics and Mathematics Aktobe,
Republic of Kazakhstan

Annotation. This article is devoted to defining the criteria for an effective lesson in the framework of action research. Specific methods, research tools and results obtained by students in the learning process are described. The authors of the article conclude that the criteria for an effective lesson, determined by students and teachers in the course of the study, are the same, and this allows you to increase students' motivation for learning and develop high-order skills necessary for the formation of a competitive personality.

Key words: criteria, effective lesson, research in action, intellectual potential.



FTAMP 15.41.25

ВИРТУАЛДЫ ОРТАДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢІСТІГІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚОРҒАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.А. Ақтымбай, Ф.М. КуанткановаҚазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі таңдағы өзекті мәселе ретінде туындайтын виртуалды кеңістіктегі жасөспірімдердің тұлғалық дамуы мен олардың психологиялық кеңістігі мәселесі қарастырылады. Жасөспірімдердің психологиялық кеңістігінің қауіпсіздігі оның бүкіл болмысын қорғауға алып келеді. Бұл өз кезегінде, жасөспірімдердің психологиялық кеңістігі мәселесінің жасөспірімдердің әлеуметтік желіге тәуелділік, әлеуметтік желідегі жасөспірімдердің қауіпсіздік мәселесін де қамтитындығы жайлы мәселелер баяндалады.

Тірек сөздер: жасөспірім, виртуалды кеңістік, психологиялық кеңістік, психологиялық егемендік, психологиялық кеңістік қауіпсіздігі, әлеуметтік желі.

Кіріспе

Қазіргі таңда виртуалды ресурстар адам өмірінің бір бөлшегіне айналады.

Күнделікті өмір барысында виртуалды желілерді, ғаламторды, жалпы жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану виртуалды байланыс кеңістігінің құрылуына

себепші болды. Р.А. Барышевтың пайымдауынша, виртуалды кеңістік әлеуметтік өзгерістер мен мәдениет құбылысы, ал киберкеңістік компьютердің, желі мен адамның өзара әрекеттесуінің аясында адам болмысы ашылатын виртуалды әлеуметтік өріс ретінде туындайды. Яғни, адам виртуалды кеңістікке ену арқылы өзінің әлеуметтенуіне жол ашып, өзіндік таным көкжиегін аталмыш кеңістікте қалыптастыруға бетбұрыс жасайды.

Ақпараттық жаһандану заманында кең етек жайған виртуалды ортадағы жасөспірімдердің психологиялық кеңістігінің қауіпсіздігі мәселесі қазіргі уақыт кеңістігінде өзекті мәселе болып саналады. Себебі виртуалды ортадағы тұлғаралық қарым-қатынастың жаңа желілік феномендері және виртуалды ортадағы тұлғаның өзін-өзі көрсетуі көптеген зерттеушілердің назарын аударуда. Оларды зерттемей және түсінбей тұрып, қазіргі әлемдегі тұлғаның да даму ерекшеліктерін түсіну мүмкін емес. И.Альтманның құпиялылық концепциясына сәйкес [2] кез келген адам өзінің күнделікті өмірінде өз «Меніне» бақылау жасай отырып оның қолжетімділігіне және әлемге, өзгелерге өзінің ашықтығына өзгеріс енгізе отырып, қоғаммен байланыс құратынын атап өткен.

Негізгі бөлім

Ең алдымен, психологиялық кеңістік ұғымына көз жүгіртсек, С.К. Нартова-Бачовердің анықтамасына сәйкес психологиялық кеңістік – адам өзін сәйкестендіретін дене, аумақ, құндылық, әлеуметтік қызығушылықтардан тұратын, адам өмірінің нақты стратегиясын анықтайтын субъективті маңызды бөлік. Кең мағынада «психологиялық кеңістік» ұғымы адам өмірінің екі жағында – жеке тұлғаның даралығы мен қоғамдағы өзара әрекеттесу арқылы ашылады. Сонымен қатар психологиялық кеңістікті белгілі бір аумақ түрінде ұсынуға болады, бұл белгілі бір дәрежеде онда болатын оқиғалардың мәнін анықтайды [3]. Психологиялық кеңістік жеке тұлға үшін физикалық, әлеуметтік

және психологиялық құбылыстардың күрделі маңыздылығымен байланысты.

Жеке тұлғаның психологиялық кеңістігін қалыптастырудың негізгі факторлары сыртқы және ішкі факторлар әсерінің дихотомиялық осінде анық орналастырылған. Психологиялық кеңістіктің қалыптасудың сыртқы факторларына тиесілі: әлеуметтік-мәдени факторлар – білім беру және әлеуметтік даму деңгейі, адамның мәдениеті мен тәрбиесінің деңгейі; экологиялық факторлар – табиғи апаттар немесе экологиялық әл-ауқат; экономикалық факторлар – экономикалық әл-ауқат пен қолайсыздық, өмір сүру деңгейі, өмір сапасы.

Ішкі факторларға мыналар жатады: психофизиологиялық – адамның жынысы, жасы, генетикалық ерекшеліктері, вегетативті реакциялар және дененің энергетикалық шығындары; жеке психологиялық-эмоционалды тұрақтылық, импульсивтілік, сыртқы, ішкі, рефлексивтілік, сыни, мазасыздық; жеке – өзін-өзі бағалау және өзін-өзі тану ерекшеліктері, жеке интеллекттің көзқарастары, сипаты, ерекшеліктері; әлеуметтік-психологиялық-ерекшеліктері микроәлеуметтік өзара әрекеттесу деңгейі әлеуметтік маңызды мақсаттарға қол жеткізудегі белсенділік, әлеуметтік қажеттіліктердің, мүдделердің, мотивтердің және құндылық бағдарларының иерархиясы.

Тұжырымдаманы талдау кезінде «кеңістік» ұғымындағы ішкі факторлар мен сыртқы факторлары бөлінбегенін, бірақ қиылысатыны және көп жағдайда кеңістіктің жеке әртүрлі бөліктері емес оның көп өлшемділігі тілге тиек етілетіні анықталды.

Психологиялық (тұлғалық) егемендік жеке тұлғаның психологиялық кеңістігінің әмбебап психометриялық сипаттамасы ретінде қарастырылады, онда екі маңызды ұғым біріктіріледі – контекст және шекаралар.

Психологиялық егемендікке жататын жайттар [4]: а) субъектінің өз психологиялық кеңістігін бақылау қабілеті; б) өз қа-

жеттіліктері мен басқалардың қажеттіліктері арасындағы тепе-теңдік; в) жеке тұлғаның психологиялық шекараларының жай-күйі.

Виртуалды ортадағы жасөспірімдердің психологиялық кеңістігінің қауіпсіздігі мәселесі қазіргі социумда өзіндік орын алып тұрған мәселелердің қатарында. Компьютерлік технологияның дамуымен компьютерді жеке мақсатта белсенді қолданатын адамдар саны артып келеді. Осыған байланысты, виртуалды кеңістік оның пайдаланушылары үшін ұлғайған қауіп төндіретін кеңістік ретінде байқалып жатады. Оның бірден бір ерекшелігі, субъект үшін виртуалды кеңістіктегі объект қабылданғанмен, ол тек техникалық құралдармен әрекеттесуі кезінде ғана пайда болатындығында. Бұл қайта құрылған дүниенің субъективті психикалық тәжірибесі, ол адамның қиялында ғана көрінеді. Бұл шындықтың кеңістіктік аспектісіндегі өзіндік иллюзиясы ол іс жүзінде тек компьютер экранында пайда болады. Ол адамның шынайы әлемнен қарағанда, виртуалды әлемге деген қызығушылығының артуы мен өмірінің көп уақытын сол ортаға арнауына әкеліп соғуымен сипатталады.

И.А. Баева, Е.Н. Волкова, Е.Б. Лактионова, В.М. Львов, А.Г. Макеевтің бірқатар зерттеулерінде психологиялық қауіпсіздік функционалдық жайлылықтың қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ететін шарт болып табылатындығы, жеке тұлғаның эмоционалды қорғалуы мен әлеуметтік психологиялық шеберлігінің жоғары деңгейін ұстап тұруы мен қызметтегі жеке тұлғаның резервтік мүмкіндіктерін оңтайландыруы арқылы байқалады.

Психологиялық қауіпсіздік терминін С.К.Рощин және В.А.Соснин енгізіп, оны жалпы қоғам және сол қоғамдағы әрбір адамның өмір сүру сапасын адекватты және сенімді деп қабылдайтын қоғамдық сананың жай-күйі ретінде анықтады, өйткені ол табиғи жағдайларды қанағаттандыру үшін нақты мүмкіндіктер жасай отырып оны азаматтардың бүгінгі әлеуметтік қажеттіліктері және олардың болашаққа деген сеніміне негіз береді.

Т.С. Кабаченко психологиялық қауіпсіздікті жалпы қауіпсіздік жүйесіндегі дербес өлшем ретінде қарастырды, ол ақпараттық ортаның жай-күйі және әлеуметтік субъектілердің тұтастығының психологиялық алғышарттарының бұзылуына ықпал етпейтін қоғам өмірінің жағдайлары – олардың қызметі мен дамуының бейімділігі.

Б.А.Еремеев психологиялық қауіпсіздікті кең мағынада қарастыра отырып, оны адамның өмір сүру жағдайына саналы рефлексивті және тиімді қатынасы деп түсінеді және оның психикалық тепе-теңдігі мен дамуын қамтамасыз ететіндігін алға тартады.

Психологиялық қауіпсіздікті адамның әлеуметтік мінез-құлқының адекватты ақпараттық-бағдарлы негізінің қалыптасуы мен жұмыс істеуіне кедергі келтіретін немесе тежейтін әртүрлі ақпараттық факторлардың әсерінен психиканы қорғау жағдайы ретінде анықтай аламыз.

Жасөспірімдер мен жеткіншектер өздерінің жас ерекшеліктеріне байланысты шынайы әлемде өзін-өзі анықтау мен ұқсастықты қалыптастыру процесін бастарынан кешіре отырып, виртуалды әлемде де өзін-өзі анықтау міндетіне тап болады. Психологиялық кеңістіктің жеке шекараларын белгілеп, сақтау арқылы виртуалды ортадағы өзінің жеке басы мен психологиялық кеңістігінің егемендігін сақтау қажеттілігі де туындайды.

- ▶ Ғаламтор кеңістігінде болу, виртуалды ортада өз парақшасын құрып, оны пайдалануды тұлғаның субъективті маңызды бөлігі деп қарастыруға болады деген пікірді дәйектеу үшін төмендегі аргументтерді бағамдау қажет.
- ▶ ғаламтор мен әлеуметтік желілердің тез және кеңінен таралуы; ғаламторға шығатын түрлі гаджеттердің пайда болуы;
- ▶ ғаламторға ерекше кеңістік, виртуалды әлеуметтік шынайылық ретінде;
- ▶ адамның ғаламтор желісіндегі алуан түрлі және маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігі;

- ғаламторға тәуелділік ғаламтордың жоғары маңыздылығының көрсеткіші ретінде.

Әлеуметтік желі, виртуалды орта мен әлеуметтік желілерге деген тәуелділік виртуалды ортадағы жасөспірімдердің психологиялық кеңістігіне айтарлықтай залал тигізетіні анық. А.Е.Войскунский [1] көп адамдардың ғаламторға тәуелді болып келу феноменінің себептері туралы балама болжам жасаған. Оның көзқарасы бойынша, «тәуелділік» терең қызығушылық, шын көңілмен әуестік таныту, гипермотивация сияқты белгілерді көрсете отырып сипатталуы мүмкін. Сонымен қатар адамның сол кеңістікте өзінің психологиялық егемендігі мен кеңістігін игере алмай, шектен тыс ашылып кетуі мәселесін алға тартады. Бұл өз кезегінде, адамдардың оның ішінде болмысы қалыптасып келе жатқан жасөспірімдердің психологиялық кеңістігінің қауіпсіздігіне қауіп тигізуі ықтимал екендігін білдіреді.

Виртуалды ортаның әлеуметтік желілерін пайдаланушы тұлғалардың белсенділігін

зерттеу мақсатында «Виртуалды кеңістіктегі – «мен» атты авторлық сауалнама дайындалды. Сауалнама зерттелушінің виртуалды кеңістікке деген көзқарас маңыздылығын зерттеуге бағытталған сұрақтар тізбегінен тұрады. Сауалнама Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің студенттерімен жүргізілді. Жалпы зерттеуге қатысқандар саны – 100.

Сауалнама нәтижесіне сәйкес жасөспірімдердің 62%-ы күніне 8-9 сағат уақытын ғаламторға бөлетіні анықталды, әрі басым көпшілігі үшін әлеуметтік желі қызықты уақыт өткізу құралы. Әлеуметтік желіні қолдану қажеттілігін сезіну бойынша зерттелінушілердің 22,8%-ының өмірлерін интернетсіз елестете алмайтындығы, 28,7%-ының интернетке деген күнделікті қажеттілікті сезініп отыратындығы, 33,7%-ында интернетке кіру қажеттілігі мезгіл-мезгіл туындайтындығы, қалған 13,9%-ы ғана қажеттілікті қатты сезіне қоймайтындығы анықталды.

Күніне қанша сағатты интернет желісінде өткізесіз?

100 ответов




Диаграмма 1. «Виртуалды кеңістіктегі – «мен» сауалнамасы бойынша аралық нәтиже.

Әлеуметтік желілердегі топтардың саны айтарлықтай өзгеріп отырады, виртуалды ортаны пайдаланушы адамның өзі де сол топтар құрамына кіретіні рас. Осы бойда өзі туралы мәліметтер бар желілерде ақпаратты түзету бойынша (аватар, мәртебе, өзі туралы) – зерттелушілердің 84%-ы әлеуметтік желідегі өзі туралы ақпаратты ауық-ауық жаңартып отыратындығы, 16%-ы ақпаратты жиі жаңартып отыратындығы анықталды. Яғни, әлеуметтік желіні белсенді пайдаланушылардың тұлғалық даралығына виртуалды кеңістіктің айтарлықтай әсерін осыдан көре аламыз.

Зерттелушілер үшін ғаламтордағы әлеуметтік желілердің көптеген функциялары – ақпараттық, ойын-сауық, қарым-қатынас және өзін-өзі көрсету кеңістігі, кәсіби және коммерциялық қызмет кеңістігі болып келеді. Әлеуметтік желіні пайдалану көпшілік қолданушы үшін қызығушылықты қалыптастыру, еркіндік, өз-өзін растау, босаңсу арқылы әсер ететіндігі және әлеуметтік желіге кіре алмаған жағдайда мазасыздық, дискомфортты күйге түсетіндігі байқалады.

Жалпы ғаламтормен әлеуметтік желілерді әлеуметтенудің маңызды институты деп санауға болатынын анықтау мақсатында алынған бұл зерттеу нәтижесі интернет қолданушыларына виртуалды кеңістіктің әсер етпей қоймайтынын көрсетті.

Қорытынды

Соңғы жылдары ғалымдар, виртуалдық ортасын пайдаланушылар, ата-аналар және әлеуметтік медиа иелері ғаламтордағы адамның қауіпсіздігі туралы ойлана бастады. Осы уақытқа дейін көптеген адамдар, әсіресе жасөспірімдер мен жастар, ғаламтордағы әлеуметтік желіге қосылу үшін жеке мәліметтерін ойланып жатпастан хабарлай салады, осыдан кейін өздерінің ішкі ойлары мен әрекеттерін басқа адамдардың назарына, пайдалануына жағдай жасайды. Онлайн ғаламтор желілерінің ерекшелігімен байланысты проблемалар - құпиялық парадоксы, виртуалды әлемде жалғыз қалу иллюзиясы, қоғамдық және жеке тұлға шекараларының араласуы деп анықталуда.

Коммуникациялық қатерлер, троллинг, кибербуллинг, грумминг сынды қатерлер виртуалды кеңістікте жасөспірімдердің жеке басына қауіп төндіреді. Бұл өз кезегінде, жасөспірімдердің психологиялық кеңістігінің бұзылуына алып келеді.

Осы орайда, біз жастар мен жасөспірімдерге виртуалды ортада жасөспірімдердің психологиялық кеңістігінің қорғауына арналған төмендегідей ұсыныстар қатарын құрастырдық (кесте-1).

Кесте-1. Виртуалды ортада жасөспірімдердің психологиялық кеңістігінің қорғауына арналған ұсыныстар.

р/с	Ұсыныстар мазмұны
1	Мүмкіндігіне орай Instagram желісінде хабарламаларды қазақ тілін қолдана отырып пайдаланыңыз. Соның нәтижесінде басқа ұлт өкілдері, қазақ тілін білмейтін адамдар тілге деген көзқарастары өзгеріп, қызығушылығы туындауы мүмкін;
2	Instagram желісін танымдық мақсатында жетілдіру деңгейді арттыру, пайдалануды әдет етіңіз. Коммуникацияларға қатысушылардың өздерінің айналасындағы әлем туралы, өздерінің көзқарасы туралы серіктес тұлғасы туралы ақпарат алады;
3	Instagram желісінде қарым-қатынас алмасуда мәдениеттілік пен сыпайылықты сақтаңыз, ана тілінің бай қорын сауаттылықпен тұтыныңыз. Сөздерді қысқартпай, жаргон сөздерді қоспай қарым-қатынас жасаңыз. Виртуалды байланыс негізінен жазбаша түрде жүзеге асырылады, бұл жазбаша сөйлеу дағдыларын жақсартуға мүмкіндік береді;

р/с	Ұсыныстар мазмұны
4	Виртуалды қарым-қатынасқа уақытты өзіңізге кедергі келтірмейтіндей оңтайлы кезіңізге жоспарлаңыз;
5	Нақты, дәлелді ойлармен бөлісініз, негізсіз ақпараттарды таратпауға барынша тырысыңыз;
6	Комментарий қалдыру, жағымды пікір жазу – сіздің тұлғалық қасиеттеріңізді, кішіпейілдігіңіз бен эмпатияңыздың деңгейін көрсетеді;
7	Көпшілік арасында қызу талас-тартыс тудыру мақсатында әдейі жалған ақпарат таратудан аулақ болыңыз;
8	Өзіңіз жете танымайтын тұлғалар жайында, оның жеке басына, арына тиетіндей пікір жазбаңыз, тіл тигізбеңіз. Мұндай жайт орын алғанда құқықтық жазаға тартылуыңыз әбден мүмкін;
9	Қоғамдық ортада немесе бөтен отбасында, білім ордаларында өрбіген оқиғаларды әуестікпен, рұқсатсыз ұялы телефонға түсіріп, оны әлеуметтік желіге жүктеуді әдетке айналдырудан аулақ болыңыз.
10	«Әлеуметтік желіге таратып жіберемін» деп қорқытып, мәжбүрлеп, адамды өзіңе тәуелді ету жақсы қылық емес. Ондай жат пиғылды әдетке, дағдыға айналдырмаңыз.

Қорытындылай келе, жасөспірімдер мен жастар виртуалды кеңістікте өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуі және қорғауының басты шарты әлеуметтік желілерді пайдалану мәдениетін меңгеру болып табылады. Әлеуметтік желіні дұрыс пайдалану мәдениетін терең түйсінген және оның қағидаларын сауатты сақтау – жастардың виртуалды ортадағы қауіпсіз кеңістігінің кепілі болмақ.

Қолданылған деректер тізімі

1. **Войскунский, А.Е.** Воздействие цифровых средств коммуникации на человеческое общение / А.Е. Войскунский // Психология общения и доверия: теория и практика: Сборник материалов Международной конференции УРАО, ПИ РАО, МГУ. — 6-7 ноября 2014 г./ Под ред. Т.П. Скрипкиной. — М.: Университет РАО, 2014. — С. 676 - 679.
2. **Альтман, И.** Поведение человека и окружающая среда / И. Альтман, Дж. Волвилл. // Достижения в области теории и исследований, Том 3: Дети и окружающая среда. - Нью-Йорк: Пленум Пресс, 2016.
3. **Нартова-Бочавер С. К.** Психологическая суверенность как предиктор эмоциональной устойчивости в ранней и средней взрослости // Клиническая и специальная психология. – 2015. – № 4 (13). – С. 15–28
4. **Нартова-Бочавер, С.К.** Понятие «психологическое пространство личности» и его эвристические возможности / С.К. Нартова-Бочавер // Психологическая наука и образование. - 2012. - №1. - С.35-42.
5. **Voiskýnskii, A.E.** sifrlyqkomýnikasiyaquraldarynyń adamı qarym-qatynasqa áseri / A. E. Voiskýnskii // baılanysjanesenimpsihiologiasy: teoriamenpraktika: ÝRAO, PI RAO, MMÝ halyqaralyqkonferensiasynyń materialdarjınaǵy. - 2014 jylǵy 6-7 qarasha/red.T. p. Skripkina. — M.: Rao ýniversiteti, 2014. — B. 676-679.
6. **Áltman, I.** adamnyń minez-qulqyjáneqorshaǵanorta / I. Áltman, Dj. Kolvill. // Teoriamenzertteýlerdegi jetistikter, 3 Tom: balalarjáneqorshaǵanorta. - Nú-lork: PlenýmBaspasózi, 2016.
7. **Nartova-BochaverS.K.** Psihologialyqegemendikertejáneortajastaǵyemosionaldyturaqtylyqtyń boljaýshysyretinde/ klinikalıyqjánearnalıpsihiologia. – 2015. – № 4 (13). – 15-28 BB
8. **Nartova-Bochaver, S.K.** “tulǵanyń psihologialyqkeńistigi” uǵymyjáneonyń evristikalıyqmúmkindikteri / S. K. Nartova-Bochaver// psihologialyq ǵylymjánebilim. - 2012. - №1. - B. 35-42.

- **ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ БЕЗОПАСНОСТИ И ЗАЩИТЫ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ПРОСТРАНСТВА ПОДРОСТКОВ В ВИРТУАЛЬНОЙ СРЕДЕ**

А. А. Ақтымбай, Ф.М.Куантканова

Казахский национальный женский педагогический университет
г. Алматы, Республика Казахстан

Аннотация. В данной статье рассматривается проблема личностного развития подростков в виртуальном пространстве и их психологического пространства, возникающая как актуальная проблема на сегодняшний день. Безопасность психологического пространства подростков ведет к защите всего его бытия. В свою очередь, речь идет о том, что проблема психологического пространства подростков включает в себя как зависимость подростков от социальных сетей, так и проблему безопасности подростков в социальных сетях.

Ключевые слова: подростковый возраст, виртуальное пространство, психологическое пространство, психологический суверенитет, безопасность психологического пространства, социальная сеть.

- **PSYCHOLOGICAL PROBLEMS OF SAFETY AND PROTECTION OF PSYCHOLOGICAL SPACE OF TEENAGERS IN A VIRTUAL ENVIRONMENT**

A. A. Aktymbay, F.M.Kuantkanova

Kazakh National Women's Teacher Training University
Almaty, Republic of Kazakhstan

Annotation. This article deals with the problem of personal development of adolescents in the virtual space and their psychological space, which arises as an urgent problem today. The safety of the psychological space of adolescents leads to the protection of its entire being. In turn, we are talking about the fact that the problem of the psychological space of adolescents includes both the dependence of adolescents on social networks and the problem of the safety of adolescents in social networks.

Keywords: adolescence, virtual space, psychological space, psychological sovereignty, security of psychological space, social network.

FTAMP 14.25.05

ОҚУШЫЛАРДЫ ӨЛЕҢ ШЫҒАРУҒА БАУЛУ АРҚЫЛЫ АЙТЫС ӨНЕРІНЕ БЕЙІМДЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Р. Т. Сапарбаева

«Б. Майлин атындағы №52 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК
Астана қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Бұл мақалада 5-11 сынып оқушыларын әдебиет сабағында өлең шығаруға баулудың тиімді әдістері мен айтыс өнеріне бейімдеудің ерекшеліктері көрсетілген. Жоғары сынып оқушылары поэзиялық шығармалардың мазмұнын біліп, талдаумен ғана шектеліп қоймай, оның көркемдік әлемін танып, ой толғаныстарын өлеңмен өріп, көзқарастарын айтыс арқылы дәлелдей алулары керек. Өлең шығару барысында көркем шығарманың жанры мен жанрлық түрлерін, өлең құрылысын, айтыс түрлері мен ерекшеліктерін ұғынып, зерттеп қарастыру, импровизаторлық, экспромдық дағдыларды меңгеру нәтижелі болады. Жоғары сыныптарда өлең шығаруды, айтыс өнерін меңгеру таным мен ойлаудың жоғары деңгейіне көтерілуге, ұлттық коды арқылы ұлттық мінез, ұлттық рух, ұлттық сананы тануға, шығармашылық әлеуетінің дамуына көмектеседі.

Тірек сөздер: өлең шығару әдістері, айтыс өнері, көркемдік әлем, жанр, өлең құрылысы, импровизаторлық, экспромдық дағды, ұлттық сана

Кіріспе

Бәсекелестік қарқыны күшейіп отырған ХХІ ғасырда шығармашылық деңгейде ойлау – өзекті мәселе. Өйткені шығармашыл тұлға кез келген мәселеге жан-жақты қырынан өзгеше көзқараспен қарайды. Жаңа идеялардың туындауына бастамашылық жасайды. Қазіргі таңда заманауи білім беру үдерісіндегі ең негізгі қағида да жан-жақты дамыған жеке тұлға даярлау. Бұл туралы ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстан-2050» Стратегиясы – барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы. Ол – елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен емтихан. Стратегияны мүлтіксіз орындап, емтиханнан мүдірмей өту – ортақ парыз, абыройлы міндет!», – деген. Сонымен қатар, «ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді,

білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін біз не істеуіміз керек? Біріншіден, барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар» – деп атап өтіп, ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсарту үшін озық үлгідегі заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін жасаудың және білікті мамандар даярлаудың маңызына тоқталған.

Ендеше, бұл мақалада көтерілген мәселе – жаһандануға жұтылып кетпрудің дара жолы – салт-дәстүрімізден айрылмай, мәдениетіміз бен ұлттық бірегейлігімізді сақтауға, өскелең ұрпақ жадына ұлттық сананы сіңіруге ықпал етіп, ұлт мүддесін қорғау мәселесі. Осы тұрғыда айтыс өнерінің ұлттық сана мен бірегейлікті сақтаудағы құндылығын түсіндіруді, өлең шығаруды үйретіп, айтыс өнеріне баулуды 5-сыныптан бастап оқушының шама-шарқын есептей отырып, жас ерек-

шелігіне сай жеңілден күрделіге қарай бағыттап үйреткен жөн.

Негізгі бөлім

Оқушылардың айтыс өнеріне қызығушылығын арттыру үшін ең алғашқы қадамды «Ұлттық сана мен ұлттық бірегейлік деген не?» деген сұрақ төңірегінде іздендіруден бастаған жөн. Оқушының өзіндік ізденісі мен пайымынан соң, шетелдік зерттеуші ғалымдардың қазақ халқы туралы айтқан пікірлерімен таныстырып, талдаған абзал. Назарларыңызға ұсынылып отырған пікірлерге тоқталсақ: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу... Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» деген Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында Ендеше, ұлттық кодымыз не? Ұлттық жаңғыру деген не? Ұлттық санамыз қай деңгейде екен? Назарымызды келесі пікірлерге аударайық. Ресейлік этнограф, шығыстанушы-тюрколог ғалым Василий Василевич Радлов: «Сибирские древности» еңбегінде: «Қазақтардың тілі әуезді де шешен әрі өткір де шебер. Әсіресе, сөз сайысына келгенде, олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып сөйлейтін тапқырлығы таңғалдырады. Олар мақалдап сөйлейді, жай сөзінің өзі өлең боп құйылып жатады...» десе, поляк зерттеушісі Адольф Михайлович Янушкевич «Дневник и письма из путешествия по казахским степям» атты тарихи-этнографиялық еңбегінде: «... Қазақтың ойлау қабілетінің кереметтігіне барған сайын көзім жетті. Әр қазақ өз шаруасын жете түсіндіреді. Тіпті балаларының ақылы ерте толысады. ... Имандай сырым! Тәңірім бойына осыншама қабілет дарытқан халық өркениетке жат болып қалуы мүмкін емес», – деп таңқалса, тағы бір орыс ғалымы Николай Михайлович Ядринцев Сібір және Орталық Азияны зерттеген «Сибирские инородцы, их быт и современное состояние» еңбегінде: «Қазақ халқы – ақынжанды халық. ... Олар өздерін басқа халықтардан

гөрі өлең-жырға жақынырақ тұрған халықтар санатына қосады. Бала күннен ат құлағында ойнау – күнделікті гимнастикасы», – деп өз пікірін дәлелдейді.

XV-XX ғасырлар аралығындағы қазақ халқы туралы шетелдік ғалымдар мен саяхатшылардың пікірлері осындай ортақ мәнге саяды. Ендеше, қазақтың ұлттық коды – терең ой, алғыр сана мен өрнекті сөз құдіретінде екен. Сөздің шыңы – шешендік болса, шешендіктің шыңы – айтыс өнері. Ендеше, айтыс өнері туралы нені білуіміз керек? Ондағы ұлттық сана, ұлттық код, ұлттық бірегейлікті қалай анықтаймыз?

Айтыс – жазу өнері қалыптаспай тұрған кезде халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігіне, қоғамдық өміріне байланысты екі адамның сөз қағыстыруы, сөз жүзінде тартысуы, дауласуы, жарысуы арқылы ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы. Айтыс – көп халықта кездесе бермейтін, қадірі артық, демократияшыл ұлттық өнер. Қара қылды қақ жарып, әділдік пен ақиқатты жырлаған от ауызды, орақ тілді, қайсар да арқалы ақындардан ел билеушілер, тіпті хандардың өзі де ығатын болған. «Қазақ тұрмысының жағдайында, жазба әдебиет тумаған кезде ақынға «ақын» деген атақ әперетін ең басты поэзия «айтыс» болған. Ақын болу үшін ақынға өзінің ақындық күшін көп алдында таныту керек: ақындығын таныту үшін ақын болғысы келген адам, бұрын ақын деп танылған тұлғамен ақындығын жарыстырып, көптің сынына түседі. Егер осы жарыста көптің сынына толса, оған көпшілік ақындық атақ тағайды да, сынға толмаса ақын деп танымайды», – деп жазады С. Мұқанов. Ақын – өз заманының жыршысы, ол өз елінің мұң-мұқтажын айтып, тілегін жеткізуші. Ол өзгелердің сезбегенін сезіп, көрмегенін көреді, ойламағанын болжайды, тілі жетпегенін айтып береді. Олай болса, айтыс өнеріне бейімделу арқылы тұлға бойында іздену, зерттеу қабілеттері артып, өз көзқарасы мен ұстанымын қорғау, оны нақты факті, аргументтермен дәлелдеу, талдау, қорытынды шешім шығару дағ-

дылары дамып, сөз қадірін ұғып, сөзге тоқтай білетін жан болып қалыптасады. Аз сөзге терең мағына сыйғызатын ұшқыр да көркем ойлылық, тапқырлық, суырыпсалмалық, шешендік қабілеті шыңдалады. Қарсыласын сыйлау арқылы, оның адамдық қасиетін елге таныту арқылы өз қадірін арттыруды түсінеді, дипломатиялық шеберлігі артады. Ұлт тарихын тереңінен тануға ұмтылып, ұлттық намысы оянып, ел болуды көздейді. Таным мен ойлаудың жоғары деңгейіне көтерілген тұлға ұлттық коды арқылы ұлттық мінез, ұлттық рух, ұлттық санамен қауышады. Ал ұлттық рух ояу, ұлттық сана сергек жерде халықтың ұлттық бірегейлігі сақталады, жаңғырады, қуаттанады. ХХІ ғасырдағы дамыған ел қатарына біз осылай, өскелең ұрпақ бойында ұлттық мұраттарды жалпыадамзаттық құндылықтармен ұштастырып, ұлттық сана мен ұлттық бірегейлігімізді сақтай отырып қосыла аламыз.

Ертеде өлеңге икемі бар жастар халқымыздың күнделікті тыныс-тіршілігіне қарай, көш барысында, суат басында, алтыбақанда т.б. жерлерде әзіл-оспақ, қағытпа қалжыңмен сөз сайыстырып, жиі айтысып жаттыққан. Таза қазақи ортада, шұрайлы ана тіліміздің мол қазынасын көсіліп қолданған. Ал ХХІ ғасыр баласын айтысқа бейімдеу үшін не істеу керек? Ең алдымен, өлең құрылымын үйретіп, әдеби теориялық ұғымдарды түсіндіріп, ұйқас құру дағдысын дамыту керек. Өлең шығару әдістеріне төселдіру керек. Ең әуелі, оқушыға проза мен поэзияның ерек-

шеліктерін түсіндіруден бастап, содан кейін өлең құрылысын танытып, құбылту, айшықтаудың түрлерін, олардың шығармадағы қолданысын талдауға баулыған жөн. Шығарма тақырыбы, негізгі ой, автор стилін анықтауға дағдыландырып, сонан соң барып оқушыны шығармашылық өнім шығаруға, өз ой еңбегінің авторы болуға бағыттау керек. Өлең шығарудың құпиясын іздетіп, оқушылардың іздену, зерттеу жұмыстарын талдап болған соң нағыз құпияны жариялап, өлең жазу алгоритмін ұсынған жөн.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кірер денең.

Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,

Ойласаңшы бос қақпай елең-селең

– деген хакім Абайдың өрісті ойымен байланыстырып, өлең қазақтың қанында бар қасиетті өнер екендігін, біздің ұлттық қодымыздың бірі екендігін түсіндіріп, мотивация беру керек.

Келесі қадамдарда өлеңге ынтасы ауып, қызығушылығы артқан оқушыларға поэзия әлеміне жетелей түсетін әдіс-тәсілдермен деңгейлік тапсырмалар беру арқылы шығармашылық қабілетін шыңдауға кірісуге болады. Ал енді қандай әдіс-тәсілдер десек, оларды былай жүйеленді. **«Анықта да айналдыр» әдісі:**
1) Прозалық және поэзиялық жанрда берілген шығарма үзінділерін салыстыру, ерекшелігін анықтау;

Анықта

1. Екі мәтінде қандай ұқсастық, қандай ерекшеліктер бар?
2. Қорытынды жасаңыз, біздің сөйлеуіміздің түрі қандай болуы мүмкін?

ТЫНЫШТЫҚ КҮЗЕТШІСІ

Міне, мынау мұнартып жатқан – мен туған ауыл. Ол ауылды кезінде жұрт әр түрлі атайтын. Біреулер «Кішкентай ауыл» деп, біреулер «Әумесерлер аулы» деп атады. Ал баз біреулер «Демесін аулы» деп айдар тақты. Қалай болғанда да, бұл ауыл ешбір ауылға ұқсамайтын еді, сондықтан да оның атын естіген адам елең етпей жайбарақат қалмайтын.

Дулат Исабеков

ТУҒАН ЖЕРГЕ

Таныс өлке, таныс аймақ, таныс маң:
 Анау жерде – құрбылармен алысқам,
 Анау жерде – құрбы жанмен табысқам.
 Алба-жұлба ақша бұлттар жарысқан,
 Таулар өне, ұйықтап кеткен данышпан,
 Жолдар анау, шұбатылып шаңы ұшқан,
 Таныс өлке, таныс аймақ, таныс маң.

Мұқағали Мақатаев

Бастауыш	Анықтауыш	Баяндауыш
таулар	данышпан	ұйықтап кеткен
бұлттар	алба-жұлба, ақша	жарысқан
жолдар	шұбатылып шаң ұшқан	жатыр

2) Поэзиялық жанрда берілген үзіндіні прозалық жанрға аударып және керісін-

ше, прозалық жанрда берілген үзіндіні поэзиялық жанрға аударып жазу.

Айналдыр

АНА ТУРАЛЫ ЖЫР

Сөзін жазған: Ғафу Қайырбеков. Әнін жазған: Шәмші Қалдаяқов

ҚАРА СӨЗ

Сен маған әлемнің жарығын сыйлап, даланың әр гүлін жинадың. Мені арман, мақсамыма бағыттап, қанаттандырдың. Менің балалық махаббатым да, құштарлығым да тек өзіңе арналады.

Сенің құшағың мен үшін жемісін аялап, әлдилеп өсірген бақ сияқты. Мен қаншалықты есейіп кетсем де сен үшін сәби болып қаламын. Маған деген көңіліңді көзіндегі бар мейіріміңнен танып тұрамын.

Сенің алдындағы борышымды өтеу үшін әлемнің бар байлығын сыйлайын деп, әлемнің бар асылын іздедім. Керек десе, ай мен күнді сыйлағым келеді. Бірақ қолым жетпеді. Бір сәттік борышымды өтеу де қолымнан келмеді.

ӨЛЕҢ СӨЗ

Әлемнің жарығын сыйладың сен маған. Даланың әр гүлін жинадың сен маған. Сен бердің құстардың қанатын самғаған, Балалық құштарым өзіңе арналған.

Қайырмасы:

Әлдилеп аялап өсірген жемісін,
Самал жел, сая бақ құшағын мен үшін.
Есейіп кетсем де мен саған **сәбимін**.
Көңіліңді **көктемдей** көзіңнен танымын.

Өтеуге борышым, **анашым, жан** сырым.
Іздедім сен үшін әлемнің асылың.
Әлемнің байлығын сыйлар ем, кеш мені.
Сыйлар ем ай, күнін, **қолыма түспеді**.

«Ұқсас сөздер тізбегі» әдісі. Мұнда оқушы белгіленген уақыт ішінде ұсынылған сөздерге ұқсас сөздер қатарын тізіп жазып

дағдыланады. Бұл ойын ұқсас құруға дағдыландырады.

Ұқсас тізбек

тұз – ...	мұз, құз, күз, жүз, сүз, үз, сіз, біз, із, ...
тамаша – ...	балаша, оңаша, қараса, жараса, санаса, баласа, ...
өлең – ...	өрен, өнем, бөлен, көрем, төбем, ...
ән – ...	сән, дән, дәм, жан, сан, қан, таң, паң, шаң, ...
алма – ...	салма, қалма, талма, барма, арна, ...
мектебім – ...	көктедім, өткенім, көп менім ...
тақта – ...	мақта, сақта, шақта, ақта, бапта, ...
қала – ...	дала, сала, дана, жаңа, сара, қара, бала...

«Трафареттік өлеңдер» әдісі бойынша жеңілден күрделіге қарай түрлі деңгейдегі трафареттер беріледі. №1 трафарет «Ой өрім» әдісінде дайын ұйқастар

берілген трафарет үлгісімен өлең құрау арқылы оқушының қиялы дамиды, жаңа ойлар пайда болады.

Өтіп жатыр сыныпта әдебиет сабағы ,жанады.талабықабағы.барады. сананы. алады. жарады	Өтіп жатыр сыныпта әдебиет сабағы , Көп оқыған шәкірттің таудай биік талабы . Оқы, түсін, талда да қолдана біл ұққанды, Дәлелдеумен ойды біз, жаңғыртамыз сананы . <i>Сәруар Нұрай</i> <i>7- сынып оқушысы</i>
--	--

№2 трафарет «Ой жалға» әдісінде бастапқы берілген ойды жалғастырып, ұйқас құру тапсырмасы беріледі.

Отбасының тірегі – ... Қамқорлық ... Қызығым деп ұл-қызын ... Кешіріммен қарайды ... Таси берсін, ... Бақытты отбасы ...	Отбасының тірегі – ақылшымыз – әкеміз, Қамқорлығын паналап, гүлдей жайнап өсеміз. Қызығым деп ұл-қызын төбесіне көтеріп, Кешіріммен қарайды болса-дағы қатеміз. Таси берсін , әкетай, дариядай дәулетін, Анашыммен жарасып, жарқырасын сәулетін. Ең бақытты отбасы ақсақалы атанып, Өсіп-өніп, қарыштап өркен жайсын әулетін. <i>Қайратұлы Лұқпан - Әкім</i> <i>9- сынып оқушысы</i>
---	--

«Назира өлең» әдісі деп аталуының себебі, шығыс поэзиясында орта ғасырларда қалыптасқан, яғни бұрын бір ақын жырлаған тақырыпты кейін басқа ақынның қайта жырлауы немесе алғашқы шығар-

маға екіншінің «жауап» қатуынан пайда болған «нәзирагөйлік» әдеби үрдісіне сүйендім. Мұнда белгілі ақынның өлеңі ұсынылып, оқушыға оны өз көзқарасы тұрғысынан жырлау ұсынылады.

Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген. Жөргегімде таныстым мұң тілімен Жылағанда жүрегім, күн тұтылып, Қуанғанда күлкімнен түн түрілген. <i>Ж. Молдағалиев</i>	Мен – қазақпын, ұланы тату елдің, Тұяғымын Сақ деген батыр ердің. Бабам текті аманат-мұра еткен, Сүйегі асыл, қаны таза жәдігермін. <i>Тәжібай Рамазан</i> <i>8-сынып оқушысы</i>
--	--

«Көркем өлең» әдісімен өлең құрауда троп пен фигура түрлерін шебер қолдануға басымдық беріледі.

1. Ұсынылып отырған өлең үлгісімен (ас-сонанс, аллитерация, анафора, эпифора қолданып), еркін тақырыпта 3 шумақ өлең шығару.

АСТАНА

Ерке Есіл бойындағы жас қала,
Егеменді елге тірек - бас қала.
Ертегіні айналдырған шындыққа
Ел жүрегі, алтын ордам – Астана!

Тәуелсіздік нышаны сен – Астана!
Еркіндіктің жыр - әні сен – Астана!
Ғасырлардан - ғасырларға жете бер,
Жаса мәңгі, көркейе бер, Астана!

Қайратұлы Лұқпан - Әкім
10- сынып оқушысы

2. Абай Құнанбаевтың «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңдерінің тақырыбы мен идеясын анықтау;

3. Шығармадағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талдау.

Өлең құрастырудың трафареттік және ізденушілік, зерттеушілік деңгейінен өткен соң, бірнеше оқушыны топтастырып, топтық әзіл-оспақ, қағытпа қалжыңға құрылған топтық айтыс түрлерін бәдік, өлі мен тірінің айтысы, жануарлар мен адамның айтысын, жар-жар айтысын, ұйымдастырып, SWOT талдау жасап отыру керек. Әрбір оқушының ауызша өлең құраудағы өсу динамикасын есепке алып отырған абзал. Жұмбақ айтысын ұйымдастырғанда жұмбақтайтын заттардың барлық тақырыбын, тізімін беріп, қарапайым дүниелерді жұмбақтатудан бастап, біртіндеп күрделендіруге, креативті ойландыруға, танымын кеңейтуге лайықтап тапсырмалар берген дұрыс. Көсіле жырлау дағдысы қалыптасқан оқушыларды жұптастырып, импровизаторлық, экспромдық дағды қалыптастыру үшін 1-2 шумақпен төпелетіп алма-кезек жауаптастырып шыңдап, «Алфавиттік тәртіпте» түрлі тақырыптар ұсынып, әбден төселген соң, шаршы топқа сайысқа салу керек.

Қорытынды

Қорытындылай келе, ұлттық сана мен бірегейлікті сақтау – халықтық қуат пен ел егемендігінің кепілі екендігін назарға алғанымыз жөн. Сондықтан жас ұрпақты ұлттық өнерге (айтыс) бейімдеу, ұлт мүддесін қорғау, керек болса сол жолда күресу – жалпыұлттық міндет.

Айтыс – заман үні, тарихи, мәдени жәдігер, ұлттық мұра. Батырларға рух берген, ақындарға шабыт қосқан, халыққа үміт сыйлаған, мазмұны да, тағылымы да терең арқалы айтыс өнерін жан-жақты насихаттап, өскелең ұрпақ санасына сіңіру – аса маңызды да жауапты іс. Айтыс әрбір қазақтың рухын көкке көтеретін құнды қазынамыз болуға тиіс,

Сондықтан мектептерде айтыс өнерін үйрету сабақтарын енгізіп, айтыс сыныптарын ашу керек. Себебі, қазіргі жаһандандудың қарқыны күшті заманда ұлтымызға тән бірегей құндылықтарды жаңғыртуды қолға алғанымыз жөн.

Қолданылған деректер тізімі

1. **Н. Ә. Назарбаев** «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы
2. «ҚАЗАҚСТАН ЖОЛЫ - 2050: БІР МАҚСАТ, БІР МҮДДЕ, БІР БОЛАШАҚ» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы
3. **Ядринцев, Н. М.** «Сибирские инородцы, их быт и современное положение»
4. <https://elibrary.tomsk.ru/purl/1-8919/>
5. **Радлов В.В.** «Сибирские древности»
6. https://viewer.rusneb.ru/ru/000199_000009_003031464?page=5&rotate=0&theme=white
7. **Янушкевич А.** «Дневники и письма из путешествий по казахским степям»
8. <https://na5ballov.pro/lib/azia/7327-yanushkevich-a-dnevniki-i-pisma-iz-puteshestviy-po-kazahskim-stepyam.html>
9. **М. Әуезов** «Айтыс өлеңдер»
10. <https://kk.bookmate.com/books/PYGsYyt6>
11. **Мұқанов С.** Айтыс. 1 том. А, 1984 ж.
12. **Ғабдуллин М.** Қазақ халқының ауыз әдебиеті. А.1974 ж.

13. Дастан Қастай «Айтыс өнерінің тәрбиелік маңызы»

14. <https://martebe.kz/ajtys-onerinin-tarbielik-manyzy/>

● ОСОБЕННОСТИ АДАПТАЦИИ К ИСКУССТВУ АЙТЫСА ВОВЛЕКАЯ УЧАЩИХСЯ В СОЧИНЕНИЕ СТИХОВ

Р. Т. Сапарбаева

ГКП на ПХВ «школа-гимназия №52 имени Б. Майлина»

г. Астана, Республика Казахстан

Аннотация. В этой статье показаны методы привлечения учащихся 5-11 классов на уроках литературы навыкам сочинения стихотворения и особенностям искусства айтыс. Нужно, чтобы старшеклассники не только ограничивались содержанием поэтических произведений и анализом, но и познавали художественный мир, развивали свое мышление через поэзию и через айтыс. В процессе развития поэтического мастерства должны исследовать жанры и жанровые особенности, структуру стихотворения, понимать строения разновидностей айтыса, управлять навыками импровизации и экспромта.

В старших классах умение сочинять стихотворения, умение владеть искусством айтыса способствует повышению познания и мышления, через национальный код формированию национального характера, национального духа, национального самосознания и формированию творческих способностей.

Ключевые слова: методы сочинения стихотворения, искусство айтыс, мир изящества, жанр, строение стихосложения, импровизация, навыки экспромта, национальное сознание,

● FEATURES OF ADAPTATION TO THE ART OF AITYS INVOLVING STUDENTS IN THE COMPOSITION OF POEMS


R .T. Saparbayeva

GKP on the PCV "gymnasium School No. 52 named after B. Mailin"

Astana, The Republic of Kazakhstan

Abstract. This article shows the effective methods of teaching 5-11th grade students to write poems in the literature class and features of adapting them to the art of speech. High school students should not only know and analyze the content of poetic works, but also recognize its artistic world, express their thoughts in poetry, and prove their point of view through arguments. In the process of writing a poem, to understand and study the genre and genre types of the artistic work, the structure of the poem, the types and features of speech, improvisational and impromptu skills. Mastering the art of poetry and sayings in higher classes helps to rise to a higher level of knowledge and thinking, to recognize the national character, national spirit, national consciousness through the national code, and to develop creative potential.

Keywords: poetry production methods, art of sayings, artistic world, genre, poem structure, improvisational, impromptu skills, national consciousness.



МРНТИ 14.25.01

ОСОБЕННОСТИ НАЧАЛЬНОГО И СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ В ШКОЛАХ ГЕРМАНИИ. ПРИНЦИП ВАЛЬДОРФСКОЙ ШКОЛЫ

А.Б.КабдушеваЕвразийский национальный университет им.Л.Н. Гумилева
г. Астана, Республика Казахстан

Аннотация. В данной статье рассматривается одна из актуальных тем в сфере образования, особенности начального и среднего образования в немецких школах, возможности получения качественного образования, принципы системы Штайнера, отличительные особенности Вальдорфской педагогики как системы ориентированной на сбалансированное сочетание гуманитарного и естественно-научного образования, с одной стороны, и гармоничное творческое развитие личности ребенка с другой. В описательной форме представлена организация воспитательно-образовательного процесса с учетом индивидуальных особенностей учащихся, изложена краткая историческая справка о первой Вальдорфской школе, создателем которой являлся Рудольф Штайнер, основатель Вальдорфской педагогики.

Ключевые слова: образование, методы обучения, вальдорфская школа, творческие способности, искусство пробуждать врожденные задатки, роль учителя.

Введение

Рассмотрение немецкого опыта в сфере образования имеет особую роль, и это

обусловлено тем что Германия, является наиболее экономически развитой страной и славится своей эффективной системой государственного управления, так

называемым «немецким порядком» и подготовкой кадров.

Обучение в школах современной Германии открывает перед детьми возможность успешно поступить в престижные вузы Европы и получить высокооплачиваемую профессию. В стране предлагаются разные возможности получения образования.

Система образования в Германии подразделяется на 3 структуры:

1. Школьное образование
2. Профессиональное образование
3. Высшее образование

На всех уровнях этой структуры представлены как государственные, так и частные образовательные учреждения. Школьное образование в Германии обязательное, бесплатное и находится под контролем государства.

Основная часть

Дети по достижению 6 лет поступают в начальную школу (Grundschule), которая длится 4 года как и в большинстве немецких земель или целых 6 лет, как в Берлине и Бранденбурге. Начальная школа абсолютно одинакова для всех, поступить в нее может каждый ребенок, а вот выбор средней ступени зависит от академических успехов, целей и способностей ученика.

В немецких школах начало учебного года, как правило, приходится на вторую неделю сентября. Летние каникулы у школьников в основном длятся 1,5 месяца, рождественские — 3 недели, весенние и осенние — 2 недели. Но надо сказать, каждая Федеральная земля разрабатывает собственную концепцию обучения в государственных школах, определяет формат обучения, учебные программы, расписание каникул. Поэтому в каждой Федеральной земле эти сроки могут быть разные.

В школах есть перечень обязательных предметов, которые бесплатны для всех. За дополнительные предметы по выбору в некоторых школах нужно платить определенную сумму. «Возможности ребенка, освоить качественное образование, зависят от его способностей» - таков принцип обучения в Германии. Поэтому о будущей профессии и об уровне образования начинают задумываться уже после окончания начальной школы.

Как и везде, в начальной школе дети осваивают *чтение, счёт*, занимаются *спортом, музыкой и творчеством*. Часто ребята делают групповые задания и проекты самостоятельно, а учитель выступает в роли консультанта и старшего помощника. В начальных школах уделяют большое внимание активным играм и спорту (как разрядке от напряжённой учебной деятельности), а самое главное — здесь дают большую свободу для *занятий по выбору*. На уроках «свободной самостоятельной работы» ученики сами решают, чем именно им заняться: *математикой, логикой, ритмикой, или природоведением или компьютерными технологиями*.

В немецких школах есть так называемые «научные лаборатории». Для учеников подготовлены *тематические контейнеры* с учебными материалами для мини-исследований об окружающем мире. Учебный план каждого ученика корректируется под темп обучения, школьная нагрузка позволяет заниматься дополнительно в кружках и секциях. Урок длится 45 минут. В начальных классах ученики получают *меньше* оценок: как правило, только за *тесты* или *самостоятельную работу* и ещё некоторые задания. Дважды в год выдаётся документ с итоговыми отметками по всем предметам (Zeugnisse), где 1 — это *самый высокий балл*, а 6 — это «*неудовлетворительно*». Оценки, как правило, ставятся *со второго класса*, но в некоторых школах отметки могут появиться намного позже.

По завершении начальной школы учащиеся переходят в среднюю школу. Как правило, учителя дают полную характеристику на ребенка и рекомендацию, где

ребёнку стоит учиться дальше. Это зависит от *успеваемости, интересов и способностей ребенка*. Школы различаются по сроку обучения и кругу изучаемых дисциплин, а самое главное — по возможностям, которые открываются после окончания обучения.

После окончания начальной школы ребенок зачисляется в одну из следующих средних школ (Realschule, Hauptschule, Gymnasium или Gesamtschule). У каждого типа средней школы своя цель и не каждая из них дает право поступать в высшее учебное заведение.

Итак, в Realschule учатся с 5-го по 10-е классы по узконаправленной программе, где есть выбор определенной специальности. Аттестат об окончании реальной школы дает право поступить в технический колледж, профессионально-технические училища, перейти в гимназию, чтобы по окончании 13-го класса продолжить образование в высших учебных заведениях.

В Hauptschule учатся до 9-го класса. Базовое образование нацелено на выбор будущей рабочей профессии. Акцент делается на прикладные науки. После курса основной школы дети, как правило, поступают в профессиональные училища для получения рабочих профессий либо так же можно перейти в гимназию, чтобы по окончании 13-го класса получить право на поступление в высшее учебное заведение.

В Gymnasium зачисляются как правило, по рекомендательным письмам учителей. Программа сложная, дети обучаются несколькими языками. Учатся до 12-го или 13-го класса. Выпускники 12-го класса имеют право поступить в технические институты, по завершении 13-го класса выпускники получают аттестат о полном среднем образовании. Это дает возможность поступать в европейские и американские вузы.

Gesamtschule (*общая школа*). Это школа, которая включает в себя несколько ступеней обучения. В Gesamtschule можно

учиться с 5 до 9, 10 и получать среднее специальное образование или окончить 13 классов и получить аттестат Abitur, если там есть gymnasiale Oberstufe (*высшая гимназическая ступень*).

Для окончивших Realschule или Hauptschule существует несколько сценариев:

год профессиональной подготовки, а затем самый популярный и востребованный тип обучения *дуальное обучение*, затем *профессиональная школа* (die Ausbildung).

Германия стала одной из немногих стран, где программы профессиональной подготовки, которые называются die Ausbildung – успешно функционируют, пользуются спросом и отвечают требованиям местного рынка. Пройти переподготовку и получить совершенно новую профессию теоретически может любой желающий: ограничений по возрасту или гражданству нет. Еще одно преимущество die Ausbildung заключается в том, что во время обучения получают ежемесячную зарплату.

Ausbildung – программа профессиональной подготовки и обучения. Студент такой программы изучает основы профессии в классе и одновременно получает опыт работы и практику на производстве. По окончании профобразования на поиск работы по специальности дается *1 год*. Дуальное обучение — это формат, когда ученик получает теоретические знания о профессии в учебном заведении, а практические навыки — во время работы в компании, с которой заключён контракт.

Как правило, дети с ограниченными физическими возможностями учатся вместе со всеми. Для детей, испытывающих затруднения в коллективной учебе, открыты специальные школы Sonderschulen.

Также в Германии в последнее время становятся популярны частные школы Privatschulen. В среднем, родители ученика, обучающегося в частной школе, платят около 13- 20 000 евро в год. Спро-

сом пользуются аккредитованные государством, частные школы. Выдавать аттестат вправе только аккредитованные частные школы. Иначе приходится сдавать экзамены в другом заведении, имеющем аккредитацию.

Есть в Германии и Альтернативные школы — Монтеessori, Вальдорф.

Вальдорфская педагогика — одна из самых известных во всем мире альтернативных педагогических систем. А вместе с тем — и самая спорная. Возможно, вся философия в целом покажется кому-то неоднозначной, но отдельные её элементы определённо заслуживают внимания — и учителей, и родителей. На чём строится вальдорфская педагогика? Чем её принципы отличаются от постулатов традиционных систем воспитания и образования?

Вальдорфской системе уже более 100 лет. Первая школа появилась в 1919 году в немецком городе Штутгарт. Основатель первой программы вальдорфской педагогики — Австрийский философ и педагог Рудольф Штайнер.

Впервые «протестировали» на себе новую методику обучения дети рабочих с табачной фабрики «Вальдорф Астория». Отсюда и название, которое применяется до сих пор. Во многих странах мира заработали образовательные учреждения, обучение в которых построено на вальдорфской системе — в Голландии, США, Великобритании, Австрии, Норвегии. Обучение в Вальдорфских школах рассчитано на 12-13 лет. А в первый класс ребёнок может поступить только по достижению семилетнего возраста.

Суть вальдорфского метода воспитания и обучения детей

«Пребывать в атмосфере любви и подражать здоровым примерам — это и есть нормальное состояние ребенка», — говорил Рудольф Штайнер. И основная идея вальдорфского воспитания заключается как раз в проявлении ребёнком способ-

ностей, данных ему природой, в комфортной обстановке. Никакого страха, стресса и сторонней оценки действий. Дети сами выбирают, что им интересно, воспитатели и учителя не навязывают «скучные» программы образования.

Вальдорфские школы ставят перед собой цель воспитать не только интеллектуально развитого, но и знающего свои возможности ребёнка, который отвечает за свои поступки и готов помогать другим.

Основной акцент в обучении вальдорфская педагогика делает на развитие воображения, творческих возможностей и интуиции ребёнка, воспитание в нём нравственных качеств.

В основе методики Штайнера лежит принцип «неопережения», который позволяет ребенку развиваться в своем темпе.

1. Человек — это Дух, Душа и Тело, которым соответствуют мысли, чувства и сила воли. Образовательный процесс обязан содействовать развитию всех этих составляющих.
2. Помимо физического тела, он выделяет эфирное и астральное тела, а также «Я». В возрасте около семи лет в человеке проявляется эфирное тело, которое отвечает за физическое развитие, память и фантазию. В возрасте четырнадцати лет появляется астральное тело, отвечающее за эмоциональное созревание, абстрактное мышление и свободу мысли. В возрасте около двадцати одного года рождается собственное «Я», и человек вступает в фазу саморазвития. Считается, что учебный процесс не должен опережать рождение в ребёнке этих сущностей, то есть интеллектуальное развитие возможно только по достижении эмоциональной зрелости.
3. Обучение в первые несколько лет должно принимать во внимание темперамент ребенка, пока они не научатся контролировать проявления

своего характера. Учебный процесс не должен опережать рождение в ребёнке этих сущностей, то есть интеллектуальное развитие возможно только по достижении эмоциональной зрелости.

Основные принципы вальдорфской педагогики

1. Культ детства. Сторонники методики призывают не делать из ребёнка взрослого. Важно дать малышу возможность «распробовать» своё детство, насладиться им. Вот почему в вальдорфских детских садах не обучают чтению и письму. Всё это появляется только после семи лет — в тот период, когда ребёнок идёт в школу. А детство малыша полностью посвящено играм, несложным садовым работам, рукоделию.

По мнению сторонников вальдорфской педагогики, в раннем детстве важно развивать творческие способности ребёнка, — это основа основ.

2. Главным действующим лицом в школе является классный учитель. Он разрабатывает и ведёт все основные общеобразовательные предметы в своём классе с 1 по 8 классы. Основной целью такого подхода является создание доверительной обстановки в классе и индивидуальный подход к каждому ученику. Учитель имеет огромный авторитет: от него исходит мотивация к получению знаний. Вальдорфские педагоги видят своей задачей «искусство пробуждать» скрытые в человеке природные задатки. Такой подход требует от педагога не просто достойной профподготовки, но ещё и особых личностных качеств.
3. Предметы преподаются по эпохам: в течение 3–4 недель ежедневно на первых двух-трёх уроках проводится один и тот же ведущий предмет, чтобы ученики могли полностью вжиться в него. Затем подобным же образом изучается другой ведущий предмет и т.д.

Начальное обучение ведётся с преимущественным использованием образных форм, которые применяются и на старших ступенях. В традиционной же школе обучение направлено на активизацию предметного восприятия.

4. Учебники в общепринятом смысле в этой школе не применяются. Обучение проходит без стандартных учебников и гаджетов. Необходимые записи ученики делают самостоятельно в тетрадях. Поскольку для вальдорфских школ принципиальным моментом является авторитетная личность учителя, то здесь именно он даёт знания, а не учебники. В каком-то смысле, педагог и есть книга для ребёнка, откуда он черпает знания. Дело в том, что даже в стенах одной вальдорфской школы каждый класс учится по собственной программе, — всё зависит от конкретной группы детей, от их интересов и особенностей. И естественно, в данной ситуации «стандартные» учебники не могут способствовать полноценному развитию отдельно взятого ребёнка. Вместо учебников в вальдорфской педагогике устные рассказы учителя, сборники задач и специальные методические пособия. А в старших классах дети сами выбирают себе дополнительные источники информации. В вальдорфской школе принято, чтобы дети сами делали свои учебники. В целом, это обычные рабочие тетради, над которыми дети трудятся весь учебный год. Здесь содержатся краткие конспекты тем, практические задания, иллюстрации. В начальной школе малышам с их личными учебниками помогает классный учитель. Но ближе к старшим классам всю работу уже делает сам ученик. Таким образом он учится систематизировать полученные знания. В вальдорфских школах нет не только учебников, но и современных гаджетов, планшетов и компьютеров, которые зачастую облегчают обучение.
5. Отметки не выставляются. Соревновательный момент отсутствует. По

окончании учебного года классный учитель составляет подробную характеристику на каждого ученика. Сдаются итоговые (после 8-го класса) и выпускные (в конце 12-го класса) экзамены.

6. Дети в школе окружены естественной красотой природных материалов, развивающих любовь и бережное отношение к природе. Весь дидактический материал, применяемый на уроке из природы, делается своими руками.
7. Каждый учебный день начинается с главного урока продолжительностью два академических часа, который имеет определённую структуру: в начале — своего рода разминка (музичирование, чтение стихотворений), затем — презентация и отработка нового материала, в конце — обсуждение или рассказ учителя, связанный с темой урока.

Плюсы Вальдорфской системы

1. Отсутствие стресса от оценок и комфортная, обстановка для ребёнка
2. Развитие различных творческих способностей
3. Итог обучения -высокий эмоциональный интеллект, позитивный взгляд на мир, умение сопереживать
4. Администрация и педагоги активно взаимодействуют с родителями, открыты для общения, посещения занятий.
5. Вовлечённость всей семьи в процесс обучения
6. Все без исключения государственные школьные аттестаты, полученные в вальдорфских школах, имеют такую же силу, как и в государственных школах.


Минусы Вальдорфской системы

1. Жизнь в искусственной среде школы не адаптирует ребёнка к реальному миру

2. Игры только с игрушками, сделанными из природных материалов.
3. Навязывание авторитета учителя, учитель-единственный источник знаний
4. Если ребёнок переходит в государственную школу, он сложно адаптируется
5. Исключение гаджетов, телефонов, компьютеров
6. Большая часть вальдорфских школ – частные, а следовательно, платные.

В мире насчитывается свыше 1200 школ, работающих по системе Штайнера.

Вальдорфские школы в мире



Заключение

Государственная система образования в Германии является трехступенчатой, включающей гимназии, реальные и основные школы, что до сих пор является одной из причин социального расслоения общества. Вальдорфские же школы являются объединенными, т.е. принимают для обучения детей разных способностей. Это отличает их от школ государственных.

Не существует единого универсального метода обучения, подходящего для всех обучающихся.

Личностно-ориентированный подход к обучению предполагает необходимость комбинировать различные методы таким образом, чтобы каждый ученик имел возможность активно включаться в обра-

зовательный процесс и получать от него наибольший эффект. Вся методика преподавания в вальдорфских школах как раз и направлена на учет особенностей обучающихся, их психологического и физического развития.

В связи с тем, что в современном мире становится особенно важным не столько приобретение конкретных знаний, сколько умение их самостоятельно добывать и сопоставлять, метод вальдорфских школ может занять достойное место среди других, так как содействует развитию в учениках способности к быстрой ориентации, анализу и практическому применению информации.

Список использованных источников

1. Dietrich Esterl «Die erste Waldorfschule Stuttgart Uhlandshöhe, 1919–2004 Daten · Dokumente · Bilder », 291 Seiten, Verlag: Pädagogische Forschungsstelle Stuttgart 2006, ISBN:9783927286627
2. **Арапов М.** Что такое вальдорфская школа. Журнал «Курьер» 1999, №5
3. **Загвоздкин В.К.** Рудольф Штайнер основатель вальдорфской педагогики. Биографический очерк. Журнал «Человек» 1998, №1
4. **Морковин А.М.** Проблемы и перспективы применения педагогической концепции Рудольфа Штайнера в отечественной начальной школе. Диссертация кандидата педагогических наук. Кемерово, 2009

● ГЕРМАНИЯ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ БАСТАУЫШ ЖӘНЕ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. ВАЛЬДОРФ МЕКТЕБІНІҢ ҚАҒИДАТЫ

А.Б.Кабдушева

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Бұл мақалада білім беру саласындағы өзекті тақырыптардың бірі, неміс мектептеріндегі бастауыш және орта білім берудің ерекшеліктері, сапалы білім алу мүмкіндіктері, Штайнер жүйесінің принциптері, Вальдорф педагогикасының жүйе ретіндегі ерекше белгілері қарастырылған, бір жағынан гуманитарлық және жаратылыстану білімінің үйлесімі, екінші жағынан бала тұлғасының үйлесімді шығармашылық дамуы. Сипаттамалық нысанда оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру ұсынылады, Вальдорф педагогикасының негізін қалаушы Рудольф Штайнер ашқан алғашқы Вальдорф мектебі туралы қысқаша тарихи деректер беріледі.

Тірек сөздер: білім беру, оқыту әдістері, Вальдорф мектебі, шығармашылық, туа біткен бейімділіктерді ояту өнері, мұғалімнің рөлі.

● FEATURES OF PRIMARY AND SECONDARY EDUCATION IN GERMAN SCHOOLS. THE PRINCIPLE OF THE WALDORF SCHOOL

